Руы – Дулат, оның ішінде Жаныс (қасқарау). Жаныс ішінде Сырымбет, оның ішінде Жылқайдар руы. Ата қонысы бұрынғы Сұлутөр (Красногор) Жамбыл облысына қарайды. Ишан, қазіреттердің дәуірі қатты жүріп тұрған кезде «Түркістанда – Түмен бап, Самарханда – сансыз бап» деп, халықты ишандарға бағындырып, қожалар, ишандар, бұларды уағыздайтын молдалар, қалпелер, мүридтер қазақ даласын қаптап кеткен еді. Сол Түркістанға жақын Қарағандың солтүстік жағындағы Созақ мазарын зиярат ететін Ноғай ишан атанған Камал Мағзұмның қалпесі – уағызшы болған адам. Оралды, Самараны, Сарыарқаны, Алтайды, Шонжа, Құлжа, Қашқар, Ауған, Иран, Самарқан, Ташкент, Сырдария, Жетісуды он алты жасынан жетпіс-сексен жасқа келгенше әлденеше аралап шыққан жиһангез атанған қалпе еді. Кетпентөбе қожалары патша саясатына қарсы бунт шығарғанда, ишан Камал Мағзұм Үркітке айдалады. Сонда Үмбет қалпе бүкіл Сарыарқа қазақтарын аралап, ишан үшін елден жәрдем жинап, Үркітте бірнеше ай тұрып, көп пұлдың аркасында Петерборға да барып, патша сарайын паралап, ишанды бірнеше жолдасымен босатып алып қайтады (1905-1907 ж.ж.). Ол кісінің үш жүзді жақсы білетін жағдайы осылай еді.



Екінші бұрынғы қадым жолымен қатып қалған молда емес еді. Арабша, парсыша, шағатай, түрік тілінде жазылған ақындардың шығармаларын толық меңгерген, солардың ғазал-бәйіттерін нақышына келтіріп жырлайтын, Фирдоуси, Шейх Сағди, Физули, Қожа Хафиз, Науаи, Қожа Ахмет Ясауи, т.б. шығыс ақындарының шығармаларына еркін талдау жасайтын ғалым еді.

Шежіре туралы бұл кісінің жинағаны маған қонымды болатыны осыдан. Қорыта келгенде, менің айтатыным – «Қазақ қайдан шыққан?»

Б.ж.с. (Ғайса Пайғамбардан) 4 ғасыр бұрын гректен шыққан қос мүйізді Ескендір (Александр Македонский) Орта Азияны жаулап алған. Одан көп бұрын Сыр, Амур дариясын, Арал, Атырау теңіздерінің аймағын, бағысы Днепр дариясы, шығысы Жетісуға дейін Тұран (Түрік) тұқымы жерлеген яғни Тұран ойпатын.

Ескендір жаулап алудан әлденеше ғасыр бұрын қазақ рулары тайпа-тайпа болып жасағанын байқаймыз. Сондықтан «Пайғамбарға, басқаларға шатысы болмай-ақ, қазақ 12 ру түріктің бір руы еді», – дейді Үмбет қалпе.

Түріктің бір тайпасынан – Тұраннан Үкаша (ғыкішә) шыққан дейді. Оның төрт баласы болыпты. 1. Жайылхан, 2. Сейілхан, 3. Мәшһүр, 4. Енес. Енестен 5 бала болыпты. 1. Қазақ. 2. Созақ. 3. Қалмақ. 4. Қарақалпақ. 5. Наурыз (қырғыз).

Қазақ - жалғыз ұл Алаш (Алаш хан)

Алаштан үш ұл:

1. Ақарыс – ұлы жүз. 2. Беқарыс – орта жүз. 3. Жанарыс – кіші жүз.

Ұлы жүзге жататындар: Ақарыстан бір ұл – Кейкі,



Кейкіден – Төбей, Төбейден 4 бала: 1. Майқы, 2. Қоғам, 3. Мекейылдыр, 4. Құйылдыр.

Қоғамнан 2 бала: 1. Қоңырат, 2. Байыс. Бұлар Ауғанда.

Мекейылдырдан 3 бала: 1. Қызай, 2. Бөгейұл, 3. Оймауыт, бұлар Ауған, Иран, Тәжік, Өзбекстанда.

Құйылдырдан 2 бала: 1. Керей, 2. Аоан. Бұлар Ауған, Қашқар, Индияда.

Төбейдің үлкен баласы Майқыдан 2 бала: 1. Ойсыл, 2. Үйсін

Ойсылдан 2 бала: 1. Қаңлы, 2. Сіргелі

Үйсіннен 1 бала – Бақтияр

Бақтиярдан 2 бала: 1. Абақ, 2. Тарак

Абақтан 1 бала – Аксақал

Тарактан 1 бала – Жансақал

Аксақалдан 1 бала – Қараша би

Қараша биден 2 бала: 1. Байдұлы, 2. Бәйдібек

Байдұлынан 2 бала: 1. Шанышқылы, 2. Шақшам
Бәйдібектің 4 әйелі болған.

1. Сары бәйбіше, 2. Зеріп, 3. Домалақ, 4. Сыланды

1. Сары бәйбішеден сары үйсін деген ру тарайды.

1. Халша, 2. Жақып.

Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен 1 бала – Жәлменбет.
Жәлменбеттің 3 әйелі болған. 1. Мапыраш, 2. Қарашаш,
3. Тұмар.



Жәлменбеттің бірінші әйелі Мапыраштан бір бала – Шапырашты.

Екінші әйелі Қарашаштан 2 бала: 1. Ойық, 2. Тілік
Жәлменбеттің үшінші әйелі Тұмардан 1 бала – Ошақты
Бәйдібектің үшінші әйелі Сыландыдан 1 бала – Ысты
Ыстыдан 1 бала – Жауатар

Жауатардан 1 бала – Аузыүсіген

Аузыүсігеннен 4 бала: 1. Есім, 2. Малай, 3. Таз, 4. Құланшы

Бәйдібектің төртінші әйелі Домалақтан 1 бала – Жарықшак

Жарықшактан 3 бала. 1. Албан, 2. Суан, 3. Дулат.

Дулаттан 4 бала: 1. Ботпай, 2. Шымыр, 3. Сикым,
5. Жаныс.

1. Ботпайдан 4 бала:

1. Байкүшік,

2. Көшпентай,

3. Қоралас, жиені, Гүлсін деген қызынан туған.

4. Бидас. Асырап алған бала.

Байкүшіктен 1 бала – Құдайқұл, Құдайқұлдан 5 бала:

1. Әлімжаныс. 2. Әбілғарыс. 3. Бегімбет (Бесторсық).
4. Келімбет (Сиыршы). 5. Көшпентайдан 1 бала – Шағай.

Шағайдан 6 бала – 1. Асан. 2. Тайлақ. 3. Ақша. 4. Қожай.
5. Есенбай (4 арыс шағатай және Тілеуғабыл, Жауыш)
6. Жанқойлық

Дулаттың бір баласы Шымыр дедік. Шымырдан екі бала болған: 1. Бекболат. 2. Шынқожа.

1. Бекболаттан 6 бала болған: 1. Бокқайнат. 2. Бестор-



сык (бұл Бесторсық Шымкентте, Ботбайдың Бесторсығы баска). 3. Жаңабай. 4. Сәмбет

5. Еспембет. 6. Шілмембет

Шынкожадан 6 бала болған: 1. Бозқозы. 2. Бозан. 3. Байтана. 4. Марсым.

5. Боқай. 6. Темір.

Бекболаттың Еспембетінен 5 бала болған:

1. Бестерек,

2. Саяқ кырғыз

3. Сүлік

4. Құли

5. Атай

Бестеректен 2 бала болған: 1. Үлкен ұста, 2. Кіші ұста

Шынкожаның баласы Бозқозыдан бір бала – Күнту

Бозаннан бір бала болған – Көкірек

Марсымнан тағы Шымыр деген бір ру тарайды екен.

Күнтудан төрт бала болған. Бірінші – Әйтімбет, екінші – Сейтімбет, үшінші – Мәмбетқұл, төртінші – Елтоқ.

Дулаттың бір баласы Сикымнан 2 бала. Бірінші – Аккойлы, екінші – Қаракойлы.

Ескерту: Қусирақ деген ел Шымырдан не Сикымнан екенін адастым. Өйткені бұл жөніндегі жазғаным өшіп, белгісіз болып қалыпты.

Дулаттың кіші баласы Жаныстан жеті бала. Бірінші – Жарылкамыс, екінші – Жанту, үшінші Жантан бір шешеден. Төртінші – Қыбырай, бесінші – Жамбай, екеуі бір шешеден, алтыншы – Шегір, жетінші – Қапал, екеуі бір шешеден. Ескерту: Қара Қапал, Қара деген кісі Шегір деп аталып кетіпті, өз алдына тарихы бар. Жаныстың үлкен баласы Жарылкамыстан бір бала – Бәйімбет.

Бәйімбеттен үш бала. Бірінші – Ораз, екінші – Бұқар, үшінші – Елтүзер.

Ораздан екі бала. Бірінші – Солтанкелді, екінші – Бөкен (Сати-Боти деген ру Кенен ақынның елі).

Бұқардан төрт бала. Бірінші – Құлболды, екінші – Баба, үшіншісі – Сырымбет, төртіншісі – Тілеуімбет.

Құлболдының екі әйелі болған. Бірінші әйелі Мейіз. Одан үш бала: Есентай, Жанұзақ, Байдәулет. Екінші әйелі – Жек. Жектен алты бала. 1. Үркімбай. 2. Шошы. 3. Малкелді. 4. Досан. 5. Еспембет. 6. Байқонды.

Бұқардың үшінші баласы Елтүзерден екі бала. Біріншісі енем баласы, екіншісі – Түкетуыс.

Жантудан үш бала, 1. Жайылмыс, 2. Байыс, 3. Өтеміс.

Жайылмыстан бес бала: 1. Құдайберді. 2. Есенқұл. 3. Құдайқұл.

4. Ақперде. 5. Шағай.

Құдайберді, Есенқұл, Шағайлар Әулиеата, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Мақтарал жақта.

Төлеби, Сеңкібай, Шойбектердің елі, Өтеміс те сол жақта.

Құдайқұлдан екі бала. 1. Оразымбет. 2. Масакбай.

Сәттің елі Жайылмыс.

Байыстан екі бала: 1. Назар. 2. Жолсейіт.

Назардан үш бала: 1. Айтқара. 2. Қаржау. 3. Жарты.

Жартыдан 11 бала: 1. Ақпан. 2. Тоқпан. 3. Таңат. 4. Өтеген.

5. Сүйін. 6. Базаркелді. 7. Бошық. Бұлар бәйбішеден.

8. Қараман. 9. Қалқан, бұлар екінші қалмақ әйелінен. 10. Шыбынтай. 11. Қазымбет. Бұлар тоқалы Ноғай әйелден.

Жолсейіттен 4 бала: 1. Есембет, 2. Жанак. Екеуі бір шешеден. 3. Әлмәмбет, 4. Кенжетай. Екеуі бір шешеден.

Жоғарыда Шапыраштыны кейін жазылады дегенбіз.



Шапыраштыдан 6 бала: 1. Ескелді. 2. Екей. 3. Асыл.
4. Шыбыл.

5. Түктікүрт. 6. Тайторы, бұл асырап алған жетім бала.

Ескелдіден екі бала: 1. Еміл. 2. Ескожа – бұл сінген
Қожа дейді. Екейден 4 бала: 1-бәйбішеден – Жамбыл.

2. Үштоқал – Сүйінбай. 3. Бидалы. 4. Баянайкүшік.

Асылдан 5 бала: 1. Текей. 2. Төлеміс. 3. Әжіке. 4. Кеней.
5. Орымбет.

Төлемістен 6 бала: 1. Құдайберген. 2. Бәйет. 3. Онтағар.
4. Дүйсен.

5. Шолпан. 6. Қалбике.

Шыбылдан 4 бала: 1. Күлімжұдырық. 2. Жәдік. 3. Қарабайыс.

4. Сарыбайыс.

Түктікүрттан 2 бала: Қараш, Қарасай.

Қараштан 4 бала: 1. Сатай. 2. Токпай. 3. Қошқар. 4. Таңатар.

Қарасайдан 4 бала; 1. Түрікпен. 2. Өтеп. 3. Жарылғап.
4. Көшек.

Түрікпеннен 4 бала: 1. Бәйтелі. 2. Қаумен. 3. Дәулет.
4. Жәбек.

5. Болай, бұл сінбе (кірме). Жәбекпен еншілес болыпты.

Орта жүзге жататындар:

Жанарыстан 6 бала:

1. Арғын

2. Қыпшак

3. Керей

4. Уак

5. Қоңырат

6. Найман



Арғыннан 6 сопы туады:

1. Мейрам сопы
2. Ақсопы
3. Сарысопы
4. Қарасопы
5. Арықсопы
6. Маябоз, яғни Тобықты

Мейрамнан 4 бала.

1. Қуандық
2. Сүйіндік
3. Бегендік
4. Шегендік

Қуандықтан 4 бала:

1. Алтай
2. Қарпық
3. Аққошқар
4. Сайдалы

Сүйіндіктен 2 бала:

1. Айдабол
2. Жарбол

Бегендіктен бір бала – Қаракесек.

Шегендіктен 2 бала:

1. Бұрыш
2. Темеш

Ақсопыдан бір бала – Қанжығалы.

Сарысопыдан бір бала – Бәсентиін

Қарасопыдан екі бала.

1. Атығай
2. Қарауыл

Арықсопыдан бір бала – Шұбыртпалы

Тобықтыдан (Маябоз) екі бала. Тобықтының бұл екі



баласының аттарын әркім әртүрлі айта берген соң, жазуды лайық көрмедім. Бұл туралы осыған жалғас ескерту жаздым. Тобықтының бір баласынан 4 ұл туыпты:

1. Кішік
2. Мәмбетай
3. Сопы. Бұлар бір шешеден.
4. Қатаған. Бір шешеден жалғыз.

Кішіктен екі бала:

1. Әйтек
2. Әнет

Әйтектен үш бала:

1. Олжай – бәйбішеден.
2. Байбөрі
3. Қалкаман – екеуі бір шешеден.

Қалкаман-Мамыр ұшайқымға сіңген екен. Мамыр – Мәмбетай руының қызы.

Олжайдан үш бала:

1. Айдос
2. Қайдос. Мұның тұқымдары бөкенші – борсақтар.
3. Жігітек.


Айдостан төрт бала.

1. Ырғызбай
2. Көтібак
3. Толай
4. Торғай

Ырғызбайдан – Өскенбай. Өскенбайдан – Құнанбай.

Құнанбайдан алты бала:

1. Құдайберді бір шешеден.
2. Тәңірберді (Тәкежан)
3. Абай



4. Ысқақ
5. Оспан
6. Ысмағұл. Бұлар бір шешеден.

Ескерту:

1. Ақсопыдан Қанжығалы
2. Сарысопыдан Бәсентиін
3. Қарасопыдан Атығай
4. Қарауыл
5. Арықсопыдан Шұбыртпалы
- 6, 7. Тобықтыдан екі бала

«Бұлар Жеті Момын атанып кеткен екен. Мейрамсопының төрт баласы бірыңғай болыпты. Өйткені олар Жеті Момынға қыр көрсете берсе керек. Сондықтан Арғынның бес баласынан жеті бала туып, Жеті Момын атанып, қонысы өте жақын болған дейді», — Қасен шал.

Осы Жеті Момынға байланысты Тобықтыда екі бала болғанын дәлелдейді. Тобықтының бір баласынан Мәмбетай, Кішік. Сопының тұқымы туралы Кокбай жазған шежіре бар еді дейді.

Қасен шал кім?

Тобықтының Олжай руынан Қайдос деген бір атасы болған. Қайдостан Бөкенші, Борсақ тарайды. Осылардан Қасен деген кісі ақын Кокбайға немере екен. Ыбырайымнан Тәкен деген мұғалім менің жолдасым еді. Қасеннің баласы Ерболсын Қаскелен ауданына секретарь болған. Қасенмен 1937 жылдан таныс көрші болдым. Әңгімешіл, тұрақты адам. Абай туралы жақсы айтады. Абайдың әңгімесін 1937 жылы Қасеннен естісем, 1939-1940 жылы Мұхтар айнытпай жазыпты. Қасен сексенге жақындаған адам, тірі.

Жанарыстың екінші баласы Қыпшактан:



1. Ойбас

2. Қара

Керейден анығы жазылмады.

Уақтан екі бала:

1. Ботбай

2. Жаубасар.

Қоңыраттан екі бала:

1. Көктоғал

2. Көтенші

Найманнан екі бала:

1. Сүгірші – бәйбішеден, тұқым жоқ.

2. Төленгітай. Ел арасында Төленген аталған.

Тоқалдан.

Найманның бәйбішесінен жалғыз Сүгірші туады. Сүгіршінің келіншегі өте ақылды болады. Сүгірші келіншегін алған соң, жылына жетпей каза болады. Әкесі Найман өте қартайған шал екен. Келінін алуға арғынның алты баласы таласады. Сонда келіні бір кедейдің бойжетін отырған қызын көп мал беріп атасына қосады. Сүгіршінің асжылын бергенше, тоқал бір ұл табады. Атын Төленген қояды. Сүгіршінің орны төленді дегені болу керек. Төленген аты еркелетіп Төленгітай болып кеткен екен. Сүгірдің келіншегі Арғынның балаларына тимей, Төленгітайдың ер жеткенін күтіп ақыры соған тиеді. Арғынның балаларымен жау қылып Найман бөлек қонысқа кетеді. Сондықтан Арғын, Найман өмір бойы өштесіп, жауласып кетіпті дейді ел аңызы.

Төленгітайдан төрт бала:

1. Садыр

2. Матай



3. Дөртуыл

4. Қаракерей

Садырдан екі бала:

1. Дөн

2. Шөйе. Бұлардан Есенкұл, Түгелбай тарайды.

Матайдан төрт бала:

1. Атығай

2. Қаптағай. Мұнда екеуі жазылды,
екеуі жазылмаған.

Қаптағайдың Қызай деген үлкен әйелінің балалары
Қытайға өтіп кетіпті. Тоғыз болыс Қызай атанатын көрі-
неді.

Дөртуылдан үш бала:

1. Сыбан

2. Мұрын

3. Акнайман. Бұлар Өскемен, Алтай,
Семей жақта.

Қаракерейден екі бала:

1. Байжігіт

2. Жанжігіт

Кіші жүзге жататындар:

Жанарыстан үш бала (Үшқожа):

1. Кәдірқожа – Ағым

2. Сәдірқожа – Бозым

3. Нәдірқожа – Тоғым

Кәдірқожадан екі бала:

1. Әлім

2. Шөмен

Әлімнен алты бала:

1. Оланак (Шекті)



2. Қарамашак
3. Яманак
4. Қойанак
5. Байсары
6. Тегінболат.

Оланактың әйелі Шекті деген екен. Тұқымы Шекті аталған.

Шектіден үш бала:

1. Орыс
2. Жақайым
3. Болат.

Болаттан төрт бала:

1. Тілеу
2. Қабақ. *(Кенесары Наурызбайдағы Тілеуқабак деген осы екі ру екен).*
3. Назар
4. Шүрек

Қарамашақтан төрт бала:

1. Ораз
2. Оразкелді
3. Жаншұқыр
4. Қараш. Бұларды Төртқара деп атап кеткен.

Яманактан бір бала – Айшық. Одан – Сарыбас.
Тегінболаттан екі бала.

1. Бұшұрман
2. Шенгір. Бұларды Үшқарасақал дейді.

Қоянақтан бір бала – Қаракесек.

Қаракесектен екі бала:

1. Есенгелді
2. Жақау



Байсарыдан екі бала:

1. Қаракете
2. Сарыкете. Бұлар кетеміз деп Шөменге қосылып Кете атанып кетіпті.

Шөменнен төрт бала:

1. Аспан
2. Бозғұл
3. Тоқа
4. Көнек

Жанарыстың екінші баласы Сәдірқожадан бір бала – Бай. Байұлы атанып кеткен.

Байдан он екі бала (он екі ата Байұлы):

1. Алшын
2. Жаппас
3. Байбақты
4. Тана
5. Алаша
6. Малқар
7. Есентемір
8. Таз
9. Шеркеш
10. Ысық
11. Адай
12. Беріш

Жанарыстың үшінші баласы Нәдірқожадан жеті бала;

1. Табын
2. Тама. Екеуі бір шешеден.
3. Кердері
4. Керейіт. Екеуі бір шешеден.
5. Рамадан
6. Тенеу (Тілеу). Екеуі бір шешеден.



7. Жағалбайлы (Жалқы) бір шешеден.
Бұларды Жеті ру деп атайды.

Табыннан сегіз бала:

1. Тартулы
2. Таракты
3. Шөмішті
4. Боқай
5. Әжім
6. Жақай
7. Қырық
8. Жылқышы

Тамадан екі бала:

1. Әлік
2. Жөкі

Әліктен алты бала:

1. Құрак
2. Жабал
3. Дәулеткелді
4. Аташал
5. Қызылқұрт
6. Кенжебай

Жөкіден бес бала:

1. Шака
2. Көзел. Қалған үш баласы жазылмаған.

Жағалбайлыдан бір бала – Мелдіби.

Мелдібиден екі бала:

1. Әбілез
2. Мырза

Әбілезден бес бала:

1. Бескүрек
2. Біліс



3. Қараша

4. Бұлди

5. Аққожа

Мырзадан жеті бала:

1. Балқожа

2. Есерқожа

3. Құлманай

4. Құтпанай

5. Орманай

6. Сирақты

7. Бозбет

Кердері Керейіт, Рамадан, Теңесуден жазылмаған.

Әбжан



БАЙСЕРКЕ ҚҰЛЫШҰЛЫ

(1833-1900)

Дулаттан – Ботбай, Шымыр, Сыйқым, Жаныс,
Жаныстан – Жанту, Жантан, Жарылқамыс,
Бұққардан – Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет,
Боп кетті-ау көбейген соң араң алыс.

Туыпты алты Бала Сырымбеттен,
Тұрақтамай дүниеге олар да өткен,
Өтекеннен Өтептің Тауасары,
Жаныстан зорлық көріп артқа кеткен.
Жаныстан қорлық көріп барғаннан соң,
Жағыпты Абылайға қызметпенен,
Ерлігі сансыз қолдан асқаннан соң,
Қалмақтан сұлу қызға қолы жеткен.

Бұл жерде Байсеркенің қайдан шыққаны туралы Мокка Шұбабайұлы (қазір сексен үш жаста) дерегіне сүйенеміз, бұл кісінің он сегіз жасында Байсерке Құлышұлы қаза болады. Байсеркенің қазасы 67 жасында болған дейді. Сонда Байсеркенің өлгеніне 65 жыл болған. Есептеп келгенде, барлығы 132 жыл. Яғни Байсерке 1833 жылы туып 1900 жылы қаза болады. Мокка Байсеркенің бірнеше күйін білген. Бірақ көптен тартпай кеткеннен ұмытқан. Қазірде аздап біледі.

Мокка кім? Енді соны айтайын. Елі Сырымбет. Сырымбеттің алты баласы бар. Аттары мынау:

1. Андағұл
2. Тәнірғұл. Бұлар Қызылсайда тұрады.
3. Өтеп. Тікенді ой-ырғайлы деген жерде тұрады.



4. Өтеғұл. Иіржар, Майбұлақ деген жерде.

5. Жылкыайдар. Иірсуда.

6. Ырыскұл. Ақбұлым деген жерде.

Мұның бәрі дерлік Қордай ауданына қарайды.

Сырымбеттің төртінші баласы Өтеғұл.

Өтеғұлдан — Өтеген.

Өтегеннің сегіз ұлы болған.

1. Қосағұл

2. Қосдәулет

3. Базарбай

4. Аяуса

5. Бердіс

6. Асау

7. Ылау

8. Тарпан

Байсерке Құлышұлы.

Қосағұлдың бес баласы болды. Бес баланың аттары:

1. Дөненбай

2. Құнанбай

3. Құттыбай

4. Келдібек

5. Қазыбек

Дөненбайдың он екі баласы болған. Төрт әйел алған кісі. Оның Бестерек деген әйелінен:

Құлыш, Пышан.

Құлыштан Байсерке туған. Байсеркенің Әбдірайым, Таңсық деген балалары болған. Бәрі де 1933 жылы аштан өлген. Тек Әбдірайымнан Заки деген бір қыз қалған.

Дөненбайдың бір баласы – Байбөріден – Шұбабай. Шұбабайдан – Мокқа. Мокқа қазір 83 жаста, тірі.

Мокқа өз сөзінде былай деп еді: менің он жеті жаста-



ғы кезім. Әкем маған Байсеркенің үйін көшіріп кел деп төрт түйе айдагты. Байсерке бұл кезде Кеспеші деген жерде отыратын. Ол кісі сауықшыл, әңгімешіл адам еді. Біз жайлауға көшкенде, бұл кісілер керуен сарай орнаған Кеспеші базарында болды. Бұл кезде Тоқпақ өте үлкен базар болатын. Ол Шудың арғы жағында, қырғыз жерінде. Ал Шу суының бер жағында Қазақ базары – жаңа базар болған. Бұрынғы үлкен жүргінші жүретін (Яссы қаласы тарихта). Бұл кісі өзінің ауқаты нашар болған соң, базар жағалап жүрді. Бірнеше рет алысқа мал айдасып, Ташкент, Әндижанға барды. Бір жолы Әндижанға барғанда, малдары отпей ауру болып, 3 ай жатып қалады. Іші пыскан домбырашы бай патшадан рұқсат сұрап, базарға барады. Бір бала базарда домбыра ұстап жүреді. Сұраса бермейді. Бір шал келін баланың домбырасын алып береді. Сол жерде домбыраны сағынған Байсерке шапанын төрт бүктеп астына қойып, домбыраны тартады. Халық көп жиналғанда баяғы домбыра берген шал бір белбеуді жайып қояды. Халық ақшаны өте көп тастайды. Байсерке домбыраны тартқанда, екі көзін жұмып алып тартады екен. Әр түрлі күй тартып, домбыраның қызығына түскен Байсерке көзін ашып қарамайды. Бір кезде ертемен келіп тартқан домбыраны түскі базар тарағанша тартқан. Белбеудегі ақша төбе болған. Шапанын алып, ақшаға қарамай жүріп кеткен. Сонда әлгі шал: «Балам, бай болсаң, үйінде неге жатпадың? Халықтың бергені – Құдайдың бергені. Сен мұны алмай тастадың», – деп өңкей қайыршыға таратып берген екен. Бірақ сондағы айтқаны: «Артың ештеңе болмас. Күйдің қорын алмадың», – дейді Мокқа шал. Сол себептен домбыраға онша бой салмай қалдым, аздап қана болмаса. Шал сол қаланың әкімі екен.

Кеспешіден кеш жүріп, кешкі салқынмен келеміз. Көш аяңы қандай. Ішім пысып біраз жүрген соң, аттың үстінде қалғи бастадым. Бір уақытта Бәкең келіп: «Енеңді ұрайын, мынау аттың басын жетекте!», – деді. Мен жетекке алып жүріп келемін. Бәкең домбыраны қолына алып, бірнеше күй тартты. Сол күйдің әуенінен мен ұйқыдан бездім. Домбыраны қолына алып тартқан жері Жаныс саяйының аузы еді. Содан қарауыл төбеден асқанша тартты. Сол домбыраның даусын Майбұлақтың аузында отырған Данай естіп, әйеліне тамақ астырған екен, қазір келеді деп. Біз ертеңінде таң ата келіп, соның асқан етін жедім. Сол Данай – Мораған байдың баласы. Қанша жер екенін өзін тауып ал. Біз Байсерке демей, Бәшке дейтінбіз. Қайран Бәшкенің тартқан домбырасының күйі баласы Әбдірайымда қалды. Жақсы тартушы еді. Ол да қаза болды. Арты мынау. Бәшкенің домбырасының даусын естіген адамдар құштар болушы еді.

Баймендеұлы Бірімқұл мен әкемнің айтқанын талай естідім. Әкем Байменде, Бәшкен бәрі бір жерге бидай айдаған екен. Майбұлақтың аузына Бәшкенің баласын ат теуіп өлтірген соң, Майбұлақ суының аузындағы бидайды суғарып кел деп мені әкем жіберді. Соны екі күн суғарып, Бәшкенің бидайының суын кешірек суғардым. Күн намаздыгер болған уақытта, ел орынға отыра боламын деген оймен тездеп суғарып жүргенмін, күн бата берген кезде Бәшкенің домбырасының даусы шықты. Шала қалса ұрысар деп, судың тегіс баруын асығып қарап, қазір келіп қалады деп, сол бидайдың алдынан шықтым. Домбыра даусы естіледі. Жақын сияқты. Түн ортасында суды өзенге бұрып болғанымда Бәшкен келді. Әбден разы болды. Мен сол домбыраның даусынан бидайды екі суғар-



дым. Бәшкен домбыраны көк кезеңінде тартқан екен. Ат үстінде баласының ойнап жүрген жерін көріп «Көк кезең» атты күй болып шығыпты. Қаза болған баласына қатты қиналып тартты.

Менің білген күйлерім мыналар: «Оран», «Қаражорға», «Үлкен бала», «Қалыш», «Сұрша қыз».

Шыққан руы – Түргеннен келген қара қаңлы (машак). Қордай ауданы Шортөбе советі, тұрған жері – Күнбатыс. Қолсарыпұлы Жылқыбек деген кісі, жасы сексенде. Байсеркенің «Шаршанның» (Шаршаның) күйі деген күйін тартқан, тағы бір күй біледі, домбырашы адам.

Қызылсай қыстағында тұратын Сүлеймен деген кісі біледі дейді. Ол да – шал (Андағұл), Ожауұлы Байділ деген шал бірнеше күй біледі. Мұның жасы да сексеннен асқан. Бұл кіші Күнбатыс қыстағында тұрады. Ескерту: Байсеркенің бейіті Қордай ауданы, Қарасу ауылы Майбұлақ дейтін өзеннің күнбатыс жағындағы Көпмола деген жерде.

Сатайұлы Патқа мен шалдар Бәшкенің бейітіне келіп, бата оқып отыр екен. Біздің белгілі Көктерек деген шал мынаны айтты. Бәшкенің тірісіндегі екі нәрсесі есімнен қалмайды. Нағашымның аулына бардым. Нағашым сиқым еді. Сол ауылмен ауылдас ақша деген елдің аулына бардым, нағашымның құдасы екен, өзі бай дама. Маған домбыра тартқызды. Сол байдың алдында жеті-сегіз жастағы бір бала отыр екен. Ел тартқан домбыраға жылаған. Жиналған халық қатты разы болған. Сол кезде байдың алдында отырған бала: «Мұның не таң қалары бар, өсірген баласы өліп, қапа жоқшылық зарын тартып өтетін адамға лайық» деген бала. Бай қатты ашуланып, баланы ұрмақ болады. Байсерке ұрғызбай қойған екен.



Есімнен қалмайтын нәрсе Әндіжандағы қала бастығы шал: «Артың ештеңе болмас. Халықтың жиған қорын алмадың» деген сөз. Осы екі сөз есімнен қалмайды деп еді.

Өмірқұл 16.11.1965 ж.

8. Қаза болған қазақтардың мағлұматы

Талай атаңыздан кейін Қараменде дейді екен. Мұның үш баласы болады.

Байшора

Қарашора

Жаншора (Байарыс, Жанарыс, Бекарыс).

Байарыстан үш бала: Жұмабай, Елікбай, Жұматай. Екеуден тұқым жоқ. Жұмабайдан үш бала: Орман, Кейкі, Сайқы. Кейкіден: Бекті, Төле (Бұрынғы Төле Жаныс емес). Төледен төртеу: Майқы, Қойылдыр, Мекірейіл, Қоғам. Майқының баласы екеу: Бақтияр, Алдияр.

Қойылдырдан Қырық пен Жүз, мұнан Қараша батыр.

Мекірейілдің баласы – Маққаужа, мұнан – Мың мен Жүз, мұның баласы – Малқара (Балқар болып жүр).

Қараша, Малқара екеуі Алдиярды өлтіріп, Қапқазға қашып кеткен. Бақтияр жалғыз қалған. Бақтиярдан екі бала: Ойсыл, Үйсін.

Ойсылдан – Сіргелі, Қоңырат.

Үйсіннен үш бала: Ақсақал, Байсақал, Жансақал. Ақсақалдан үш бала: Бәйдібек, Байтулы, Бәйімбет (Ақсақал, Байсақал, Абақ, Тарақ деп аталады).



Бәйдібектен тарағандар:

Бәйдібектің бірінші әйелінің аты Сары, мұның төркіні – найман. Таянхан тұқымының қызы. Мұның сегіз баласы болған. Қырғыз Ақшоқан мен Бәйдібек ерегісіп, үшінші әйелі болған біздің шешеміз Домалақты (Биби Ажар, Мақтұм Мағзұм қызы екен), осы күнгі Қаншеңгелге тастап, Іленің Сарыөткелінен өтеді. Біздің шешемізді Сары бәйбіше жұртқа тастап кетеді. Жолым үйімен. Бір күн өткен соң Ақшоқан батыр келеді, Бәйдібекті шаппак болып келсе, жұртта Қаншеңгелде Домалақ отыр. Елінің қайда кеткенін сұраса, кеткен жағын айтып беріп: «Қайтарда олжа бер», өлтіреді, дейді.

Ақшоқан Бәйдібекті шауып, барлық жылқысын алып қайтады. Осы соғыстан Сары бәйбішенің жеті баласы бірдей өледі. Жеті жаста Абаккара деген бала қалады. Ақшоқан қайта келгенде Домалаққа сары айғырды беріп кетеді. Мұның әңгімесін шал біткеннің бәрі біледі. Сары айғыр бір кісінегенде, жылқы қайтқан.

Қалған баланың аты Абаккара, ал еркелетіп қойған аты Қылжақсары. Кейін мұны нағашысы алып кетеді.

«Бұл күнде Қытай жерінде Дулатпын десең, жеті ағамыздың құны бар деп өлтіреді, күннің баласы деп. Сары бәйбіше барып жиенін алып келген күйеумен, мұның біреуінің аты Жакып, бірінің аты Қалша, Сарыүйсін, Жакыпқалша деп аталады (Бәйбішенің баласы болып жүр).

Екінші әйелінің аты – Зеріп. Мұнан туған баланың аты – Жәлменбет (шешесі өліп қалады).

Жалмамбеттің әйелдері: бірінші әйелі Мапырашты, бұдан Шапырашты туады. Шапыраштының үш баласы болған: Малдыыстық, Желдіыстық, Жандыыстық.



Малдыыстықтан – Екей, Жандыыстықтан – Еміл, Желдіыстықтан – Ескожа (бәрінің шешесі бір).

Екінші әйелі Қарашаш – Қаңлы Қызылбидің кызы. Бұдан туған бала: Ошақты, Ойық, Тілік.

Үшінші әйелі – Сыланды. Бұдан туған балалар төрт ата Ысты. Бәйдібек ағамыздың үшінші әйелі Домалақ ене – кожаның кызы. Бұл кісіден туған бала Жарықшак жалғыз. Енесінен туып жатқанда, Сары бәйбіше қолын салып жіберіп, басын мытып қалған екен, сонда да өлмей Жарықшак атанып кетіпті. Жарықшактан үш бала: бірінші – Албан, одан бес бала: Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Қаракұрсақ, Айт, Бозым.

Екінші баласы – Суан. Суанның 2 баласы болған:

1. Байтөккей. 2. Тоқарыс,

Тоқарыстан 2 бала: 1. Тұрлымбет. 2. Мұрат

Мұраттан 5 бала: 1. Орыс. 2. Қарамеңде. 3. Әбсүгір.

4. Қарабек. 5. Шекірек.

Байкөккейден 2 бала: 1. Елтенді. 2. Жылкелді

Елтендіден Құдайберді, Сатай.

Жылкелдіден 6 бала: 1. Бақтай. 2. Болтай. 3. Мырзабек.

4. Әуелбек. 5. Қарабек. 6. Қарасай.

Малдыыстықтан: Екей, Еміл. Емілдің баласы Жанақ, оның баласы Сойдың. Еміл жасында өледі. Екей әмеңгер алмай, бір сінбе қожа бар екен, соған қосқан. Мұның баласы Алтай абыз (әулие деген сөз). Алтайдың баласы Қарасай – Ескожа деп те аталады екен. Есбосын деп Ескожа қойған. Қарасайдан 3 бала: 1. Түрікпен. 2. Өтеп. 3. Көшек.

Ескожа айтқан екен: Менің түбім түрікпен. Атымды өшірме. Сондықтан Қарасай бір баласының атын Түрік-



пен қойған. Түрікпеннен 4 бала: 1. Қаумен. 2. Дәулет.
3. Байтелі. 4. Жапбек.

Екейдің 2 баласы болған: 1. Бидалы. 2. Тарымбет немесе Шарымбет.

Бидалыдан Ақпамбет, Бердіс, Жанұзақ, Үштоқал (Сүйімбайдың аулы).

Екінші баласы Тарымбеттен: Алдаберді, Қарамерген, Тілімбет, Ақымбет, Жібибет.

Желдістықтан: Шыбыл. Шыбылдан 4 бала: 1. Теке.
2. Төлеміс. 3. Әжіке. 4. Орынбет.

Қарасайдың екінші әйелінен Тілеу, Жарылқап туады. Тілеудің баласы бірінші әйелінен Уақ, Қамқа.

Жарылқаптың 6 баласы болған: 1. Қойгелді. 2. Жанкелді.
3. Қойсоймас. 4. Қараша (Тезек төрені Абылайдан алып келген). 5. Қараша (атақты батыр болған, Өтеген батырға көп жәрдем берген, Өтегеннің нағашысы).

Және бір қатышынан Айкым жалғыз, Қарғалыда тұрады. Домалақтан (Бибі Ажар)

Жарықшак, Жарықшактан – Албан, Суан, Дулат.

Енді Дулатты айтайын: 1. Ботпай. 2. Сикым. 3. Шымыр.
4. Жаныс.

Ботпайдан 2 бала болған: 1. Құдайкүл. 2. Шағай.

Құдайкүлдан 4 бала: 1. Алым. 2. Жаныс. 3. Сиыршы.
4. Бесторсық.

Мұның бәрі Мерке ауданында.

Шағайдан 3 бала: 1. Байкөшік. 2. Көшпентай. 3. Есенкелді.

Байкөшіктен Асан, Тайлак.

Көшпентайдан Есенбай, Жанкойлық.

Есенкелдіден Ақша, Қожай.

Есенбайдан 3 бала: Дода (шын аты Алатау), Тілеукабыл (шын аты Сарман), Жаналы, Жаушы, Шағатай.



Шымырдан 2 бала: Бекболат, Шынқожа.

Бекболаттан Бектерек, Бестерек, Жанабай, Қабай.

Шынқожадан 3 бала: Көкірек, Сәмбет, Күнту.

Сикымның 5 баласы болған: Жансейіт, Байсейіт, Токсейіт, Серісейіт, Бексейіт.

Мұның төртеуінен тұқым жоқ. Соғыста өлген.

Бексейіттен 8 бала болған: 1. Акқойлы. 2. Жанқойлы. 3. Қарақойлы. 4. Қусирақ. 5. Шуылдақ. 6. Бақылдақ. 7. Қараменде. 8. Жабысқак.

Жаныстың бірінші әйелінен 3 бала: Жанту, Жантан, Жарылкамыс.

Жантудың баласы үшеу: Оймауыт, Байсын, Жайылмыс.

Жантаннан – жалғыз Ерубай.

Жарылкамыстан 2 бала. 1. Бейімбет. 2. Жалымбет.

Бейімбеттен 3 бала: Ораз, Бұққар, Елтүзер.

Ораздың баласы – Сати, Боти (Қордай ауданы, Киров колхозында тұрады, К.Әзірбаевтың аулы).

Бұққардың баласы төртеу: Баба, Сырымбет, Қолболды, Тілеуімбет.

Бабаның баласы жетеу: Ерсары, Байсары, Есқожа, Бархана, Айтқұл, Мұсырман, Жарылқап.

Сырымбеттің баласы алтау: 1. Андағұл. 2. Тәңірқұл. 3. Өтеп. 4. Өтеғұл. 5. Жылқыайдар. 6. Рысқұл.

Құлболдың баласы алтау. Бәйбішесі Мейізден 2 бала болған: Баймырза, Байдәулет.

Байдәулеттен 5 бала: Бөлтөк, Шағай, Орынбай, Кенжеғара, Қазыбек.

Токалы Жібектен 4 бала: Өрікбай, Шуш, Досан, Малкелді.

Тілеуімбетте 4 бала болған: Үсен, Қанай, Есер, Мойнақ.



II бөлім

Ойсылдың баласы – Сіргелі, Қонырат дегенмін. Ойсылдың 8 баласы болған. Бұлар Бұқар жаққа жерлескен. Сегіз баланың кішісі – Самарқандағы Абақ, Тарак руының аулында жүріп, түрікпеннің бір ру бастығының қызымен таныс болады. Соны алам деп жүргенде, қыздың әкесі балаға айтады: «Қайдан келген баласың?» деп. Бала жөнін айтады. Сонда ру басыға барып, жеті ағанды тегіс көшіріп кел, той қылып берейін дейді. Соған сенген бала ауылына келіп, ауылды көшіреді. Өзінен үлкен ағасы нағашысына кетіп қалады. Нағашысы Жаппас екен – кіші жүз. Басқа алты ағасымен Түрікпен ханның қызын алуға көшіп барады. Барған соң, түрікпеннің ханы қыз берудің орнына жетеуін де аулымен қосып өлтіреді. Нағашысына кеткен ағасы тірі қалады және сол сегіз ұлдың шешесі тірі қалады. Малдарын алып, кемпірді қоса алып Ауғанға көшеді. Ол кезде Бихистан деген жерге көшіп кетеді. Үйсін келіп туғанын жоқтайды деп, көшіп бара жатып Қоңырбай деген жерге барғанда, ханның қызы жүкті екен толғатып қалады. Қыздың әкесі ашуланып, баяғы сегіз ұлдың шешесімен қызды үйімен, малымен тастап кетеді. Қыздан туған бала ұл болады. Қоңырбелде туғандықтан, атын Қонырат қояды. Баяғы нағашысына кеткен баланы туғаны іздеп Самарқанға барады. Үйсіннің балалары бірақ бәрінің осындай жағдайда болғанын біліп, нағашысына кеткен баланы іздеп, Жаппастың аулына барып баланы табады. Нағашысы жиеніне әйел алып беріп, жиенін көшіреді. Сегіз нарға жүк артып, әр түйенің мұрнына арнайы мұрындық тағады. Бірінші түйеге алтын сірге, екінші түйеге күміс, үшінші түйеге мыс, төртінші жүйеге жез, бесінші түйеге



темір, алтыншы түйеге мүйіз, жетінші түйеге сүйек, сегізінші түйеге ағаштан сірге жасап, бұйда тағады.

Сонымен бала үйсіннің балаларымен бірге туған жерін іздеп, Түрікпеннің артынан қуады. Қоңыр белге барғанда баяғы кемпір мен келін баланы асырап, сол Қоңырбелде отырады. Сол себептен Сіргелі қоңырат болып аттары қалады. Шынында, ойсылдың балалары мысал үшін Алпамыстың өленінде елдің, жердің жайын дұрыс айтады.

Өтеген батыр барғанда, Алпамыстың баласы Жәдігер, мұның баласы Әпжаппар (Өтеген барғанда Әпжаппар 8 жаста екен). Жәдігердің әйелі 55 жаста екен. Мұның әңгімесі Өтеген батырды жазғанда толық жазылар. Көп әңгіме ғой.

Жансақалдың баласы (Тарақ) Абақ, оның баласы (мүмкін, бір ханшасы Самарқанда). Сырманак, Шуманак. Сырманактан Тайшы, Мәстек, Балкалы, Барлас, Сиыршы, Қайшылы.

Шуманактан 5 бала: Көшек, Ахмет Қожа, Ханқожа, Қожағұл, Қара қожа.

Есіңізде болар, қазақта мынадай бір мақал бар: «Он мың үйлі **ойрақты**, қырық мың үйлі қайрақты, осы екеуі біріксе – біреудің сорын қайнатты».

Қырық пен жүз, мың мен жүзді жазбай отырмын. Сіздің сұрағаныңыз менен ұлы жүз еді, мұны толық жазу өте қиын және көп. Бұл үшін мынау кітаптарды оқып шығу керек: «Түрік қоғамының тарихы» 3 том (қысым), «Тарихи Алтай» 1 кітап, «Тарихи Түркістан» 1 кітап және басқа да қосымшалар көп.



Орта жүздің аталарының қысқаша мағлұматы.

Орта жүз негізі 4 атадан тұрады.

Арғын, мұның 6 баласы бар:

1. Қуандық, мұнан Алтай, Момын тарайды.
2. Сүйіндік – Сарматай, Мұрат тарайды.
3. Бекіндік
4. Шегіндік
5. Бекалыс
6. Момын (Қаракесек)

Найман 4 ата

1. Садыр
2. Матай
3. Қаракерей
4. Төрттулы

Керей – Уақ

Орта жүз қыпшак деп жүр. Мұнысы дұрыс емес. Қыпшак орта жүзге қосылмайды. Қыпшактың түбі – қаңлы. Ескі үйсінмен бірдей тарайды. Өте арыдан келеді. Және мұнда қосылған рулардан башқұрт көп.

Кіші жүз

Бекарыстан 2 бала: Жағалбайлы, Жаппас, мұның ішіндегі уақ аталарын жазбадым. Және айтарым кіші жүзге адайды қосады. Адай кіші жүзге қосылмайды. Адай үйсіннен тараған. Ол туралы кейін жазып жіберемін керек болса. Сіздің сұрағаныңыз ұлы жүздің тарихы еді ғой. Ұлы жүздің негізінде толық жазып шығу көп уақытты алады



және өте ілгеріден келеді. Ол үшін 4500 жыл шамасын қозғап кетеді. Ұлы жүзден қарақалпақ, қырғыз (қыпшақ), башқұрт тағы толып жатқан рулар тарап кетеді.

Менің негізге алып жазғаным XVII-XVIII ғасырдан қалған ұлы жүз атанып жүргендердің біразы. Амал бар ма? Бірқанша тау-таста белгілі уақытта жазған жазу, таңба, көмбелері бар көрінеді. Оны барып көре алмай, дұдамал болып жүрмін. Мысал үшін, Тілемістің бір ауыз өленінде бір батырды суреттеп жазған, оны бір шал айтқан.

Сол жерге барсам, ол тас жатыр. Суреті салған таңбасы бар. Сол өткен жылға шейін сол орында жатқан. Өте биік таудың басында Т.Б.Т.Ж. осыны алған соң, керекті жерінің ішінде қате кеткен түсініксіз болса, жазып жіберіңіз. Өзімнің денсаулығың қандай. Осыны әзірге жаздым.

Өмірқұл



ә) Ескерту: менің ойымда мынадай 3 мәселе жүр. Сіз бұған қалай қарайсыз?

Қожа Ахмет Ясауидің әкесінің аты Ибраһим, ол кісінің мүрдесі Сайрамда. Бұл кісі – өте оқыған кісі. Туған жері – Балық қаласы. Ақсақ Темір Торғайұлы бұл да сол Балық қаласында туады. Ақсақ Темір осы ұлы жүз екеніне ешкімнің дауы болмауы керек. Ақсақ Темір Қожа Ахмет Ясауиға күмбез тұрғызғанда, сол жерлесі үшін тұрғызған. Және ғалым, ілім иесі болып бұдан көп шәкірттер тараған. Ал, Қожа Ахмет Ясауи, менің ойымша, Ясы қаласында туған. Ясы қаласы – біздің көрші колхоз «Тордабек» (Трудовик) колхозы тұрған жер. Үлкен қаланың орны. Бірақ, ешбір ғылыми кітаптарда жазылмай, тексерілмей келеді. Мен көрмей жүрмесем, оқымысты адамдар қашанда өз руын, болмаса туған жерін жазған. Сондықтан, мен Қожа Ахмет Ясауиға екі түрлі ойдамын. Жөнді тексерілсе жалайыр руының, осының он бесінші бетінде Шуманак балаларының аты көбінше Қожа болып келіп отыр ғой. Туған жерлеріне қарағанда, руына қарағанда шыққан жерлері жақындап келеді. Бірақ, мұны анық тексерген адам жоқ. Осы жағын еске алсаңыз дұрыс болар. Оқымыстылардың қалай қарайтынын қайдам?

1. Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп жүр. Осы мәселе анықтыққа келмей жүр. Мен ол үшін мынадай мәселені сіздің еске алуыңызды сұранамын: Ғайса Пайғамбардан бергі санақ бойынша, I ғасырдан VI ғасырға шейін қалайда Ұлы жүз ұлы хандық болып келеді. Ал, VI ғасырдан бастап XII ғасырға шейін соғыс, дау, шатақ ала жылан, аш бақа аузы бірікпеген алаш дейді. Яғни, 82 ру қағанаттан

VI ғасырдан бастап XII ғасырға дейін 36 ру қағанатты соғыстың салдарынан XII ғасырда Шыңғысхан бұратала жеңіп шыққан. Соның VI – XII ғасыр аралығы Орта жандар дәуірі. Мұндағы басшылықтың көбісі орта жүздік дәуір, жаңа заманның уақыт бөлінісіне қарай Орта жүз дәуірі XII ғасырдан бастап кіші хандықтар. Бұған да көп дәлел бар. Кіші жүздің дәуірі – заманы, уақыты, халқының көрінісі де соны көрсетеді. Міне, сондықтан бұл мәселені де сіз тексерушілермен сөйлессеніз болар еді.

2. Үшінші мәселе – қазақтың аты қалай қазақ қойылды деген мәселе. Мұның өзінде жөнді, тура жауап бермей келеді. Менде бұған да аздаған дәлел бар. Мынадай мысал бар. Қырғыз қалай аталды? Қырық мың үйлі Қырықбай ханның қырық қызының аулы қысқара келе қырғыз деп тұр. Сол сияқты қазақ та бір қанша сөздерден құралған. «қой» (мық), «сақ» — «қай» деген үш ру ма, ағайынды кісілер болған. Анық тексергенім жоқ. Кейін келіп бір заманда бас қоса келіп «қойсақ», «қайсақ», «қызақ», «қайысқақ» 1912 жылдан «қызақ», 1924 жылдан «қазақ» болып келді. Шынында, бұл аттың толық бір атауға келуіне не себеп, қандай жағдайлар болды? Бұл жөнінде ғылыми қызметкерлер – Сіздер қалай түсінік бересіздер?

Мен «Қазақ тегінің шығуы» деген кітапты аздап көрдім. Ол кітапта «Скип» деп айтады. Бұл Скип деген бір кісі еді. Өзінің ұл баласы болмаған соң, орнына патша қоярға қызы бар болатын. Бір соғыстан көп құл түсіреді. Соның ішінде біреу өте шебер тігінші болады. Киім жасауды жақсы білген. Патша той жасағанда жаңағы тігінші палуанға түседі, бәйгені алады, ат аударысқа түседі, бәй-



гені алады, жамбы атқанда бәйге алады. Міне, содан соң патшаның жалғыз қызы әкесіне айтып соған тиеді. Кейін патша орнына патша қояды. Бұл өте бергі заман. Ал, мына түрік тұқымдас қазақ, қырғыз, карақалпақ, басқор, былғар, қарашай, түрікпен, қағастар онан бұрын атқа мінін, үй тігіп жүрген.

Міне, осы үш мәселе шежіреге өте байланысты. Бұл үшеуі шешілгенде толық шежіре де шешіледі. Осы жөнінде сізден сұранамын. Менің бұл ойыма қалай қарайсыздар және бұл мәселенің қалай шешуі болады? Сіз маған өзіңіздің ой-пікіріңізді жазып жіберсеңіз болар еді.

Өмірқұл

04.03.1966 ж.



9. ҚАНАПИЯ (ЖАМАН ДОҢЫЗ)

Абақ – Тарақ елінің қай руына болса қоныс тауып отыра беретін Сырымбеттің алты баласының ішінен бөлініп шыққан – Іле, Шу, батысы, шығыс, оңтүстік қырғыз жерінің Солты, Тынай, Сарбағыс елінің қыстап, жаз жайлауында жүрін, қыста Балқашта, жаман құм, тау, құм, көктал, қопардың шөбін малы жеп жүретін еді. Мұның ішінде көшкенге үйренген Қосдәулет балаларының он кіндігінен туған балалары мәуесі піскен жемістей.

Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан.

Кім өлсе, сөған түсер ақыр заман.

Тау суының жағасына бітіп піскен жемістей –

бір-бірлеп үзіліп түсіп, жер астынан орын алып жатқан кезі, енді қалғандары немере-шөбере. Басы да, малы да қаулап өсіп келе жатқанда, доңыз жылына кез келді. Дегенмен, осы доңыз жылы жалғыз Қосдәулеттің баласына болып тұрған жоқ, осы Жетісу өлкесінің барлық жеріне шөп шықпай, тақыр болып, аңызак ыстық жел соғып, шаң-тозан болып тұрып алды. Судын бойында көгал қамыс құрақтар бар.

Қырлы жердің қыста қар жатқан теріскей бетте алақандан шөп, мұның да бетін шаң басқан.

Бұл жылы мал жайлауға ерте шықты, дегенмен, жайлаудың жылдағы берекесі жоқ. Мал нашарлап, енді жаз түрі мынандай болған соң, қыста малды аман сақтауды ойлап шалдардың бәрі бір жерге жиналып, бастарын қосып ақылдасады. Малдарды қалай апарып бағу керек, қайда көшеміз деп келіседі.

Жаман қыз-балаларының жылқысы сегіз мың бас,



Қыздарқан балаларының жылқысы үш мың бес жүз, Маржа балаларының жылқысы бес мың. Барлығы он алты мың бес жүз. Бұл ауылдың жылқылары он жеті қос болды.

Мұраханнның жылқысын басқарушы Наурызбай, Базарбай тұқымынан. Жырық ауылының жылқысын басқарған – Оразбай. Қыздархан жылқышысын басқарған – Ырысбай.

Қой малының бірқаншасы Абдан, Екей, Есқожа әр жылы қырғыздарға Шудың жоғарғы басына жіберіп, алкабын басқаша жеуге тура келді. Жылқы, түйе малының камын басқаша ойлауға тура келді.

Есті жылқышыларының бес-алтауын шақырып, ішіне ала отырып, ақылдасып, оңтүстік, батыс, батыс-шығысына жеті-сегіз адам жіберді. Айтқан жерлерінің шөбін байкап және сол жерден бір-бір уыс шөп алып келуге. Осы барған адамның алды батысқа карай, күннің шығысына карай, оңтүстік солтүстікке жіберді. Алды үш күнде, арты жеті-сегіз күнде келді. Өздерінің отырған жері Қарагал бойының шөбі жаздан шықпай Жалайыр, Суан, Қасқарау болып жердің шөбін ту-талакайын шығарған. Он бесінші күні қайтқан Наурызбай Шу бойының Түлкілі, Аңырай, Жыңғылды, Ханшенгелдіден қайтып, ергек, жұпар, торғай оты ебелек бірнеше шөбін Тұрсын алып келді. Соның бәрін жинап, бәрінің түрін көріп, дәмін татып, иіскеп отырған Құтым:

«Наурызбайдың әкелген шөбінің ыс дәмі бар екен. Жылқыны сол жаққа айдап. Жылқы тұқымы сол жақта калар», – деді. Құтым баратын қосшылардың камын жеп, адамдардың азығын, киімін дайындап он бес күндей болды.

Жылқының соғымдық, мінерліктен баскасын, түйені



коса айдатып, Іленің суынан өткізіп салды. Оразбайды, Ырысбайды, Наурызбайды шақырып алып: «қар жауып мәністерің кетсе, адам жіберіп айтып тұрындар, дегенмен сақ болындар, – деді – әсіресе, Құла айғырдың үйірінің ішіндегі Жирен биенің басын қайырушы болмандар», – деді Құтым.

Құтым сол ауылдың бірсыпырасының қариясы – жасы жетпісте. Науқас болып, жылқыдан қалғанына өзі өте кейіп отыр. Осы шөптін бәрін жан-жақтан алдырып, иіскеп отырғаны сол. Көзін малмен ашқан, әсіресе, жылқының жанынан қалмайтын. Бір көзіне асау үйретем деп жүріп ағаш тиіп ақ түсіріп, соқыр болса да, жылқыдан ажырамаған. Жирен бие екеуі сөйлеседі деп жылқышылар өсек қылатын. Дегенмен, сол Жирен биенің, Құла айғырдың үйірін көретін – Құтым. Жирен бие биыл он жеті жаста. Қартайып қалды дегенімен, әлі он жыл өмір сүрер. Құла айғырдың үйірі бөтен адамға айдатпайды. Құтым ұстаймын десе, қолға тұрады, одан жуас мал жоқ, ал басқа адамдарға одан жабайы жүрген құлан жақын.

– Енді сіздің Құла айғырыңыз бен Жирен биенізді көремін, – деп күлді Наурызбай.

– Көрсең, көрерсің, – деп Құтым жалғыз көзін қадай қалды. Наурызбайға отырған адамдар «Құтымның айтқанын істейсін» деп кейісті.

Құтым Жиенбекке «Мә, саған» деп ілмелі бауы бар бір шанашты беріп еді. Оған Жиенбек қатты қуанып кетті. Құтым Жиенбекке: – Мыналардан гөрі мен саған сенемін, – деді.

Жиенбек насыбай ататын адам еді: – Әдейі алып талқандап қойған, темекі саған қыстай ермек болар, – деді.

– Науқастан тәуір болсам, өзім де осында отырмаспын, – деді.



Барлығы мақұлдасып, қош айтысып, жүріп кетті. Адамдар атқа мініп бара жатқанда, Құтым Жиенбекті шақырып алып:

– Жирен биенің басын қайырушы болма, аналарға сак бол, – деп қош айтысты.

Ауыл адамдары: «Құтым өлсе, Жиенбек бар», – деп күліп жатыр.

Кеткен жылқы Іле өзенінің күн батыс жағына қаптап, жүрген жерінің шаңын аспанға шығарды.

Сарыүйсін, Сиыршы, Ошакты, Көкірек, Сәмбет елінің адамдары өздерінің малының өрісін қорып, жылқышылармен шатактасып жатқан күндері де болды. Кейбір өркөкіректер семіз жылқылардан сойып, «пышақ айып» беріп, жаз орнын қосамыз дегендер болды. Ел мықтылары оларға жел беріп, ештеңе демеген соң, аздаған желөкпелерге жылқышылар да теңдік бере қоймады. Анау-мынау аз адамдар емес, жылқышылар да өжет.

– Мынау Өтеген Қазбек кімнің жері? Үш жүздің баласын қосып атағы шыққан бұл жер – біздің жер. Ал, жер қыртысты, жайлау кең. Қаратал, Алтын емел, Қапал жерлеріне барып, аз жыл жүргенге бауыр басып қалғандарын кара, – деп қояды.

– Біздің туыстарымыз анау Алатау бойында, Шу өлкесінде, жазда сол жаққа шығамыз, – деп қояды... (Өтеген батырдың Жаппарқұлы келген).

Бұлар бұл жаққа мал өткізгенде, Қараталдан адам барып хат жіберісеміз. Екей – Сарыбайға, Сарыүйсін – Сағитқа, Саурық – Топшыбекке, Ескожа – Андасқа, Өтеп – Қарымбайға, Бабакерімге – Сырымбет, Даулетбаққа – Ысты, Бөлтірікке хат апарушы Қожантай барып, жай мәністеп келген.



Мал жайылымына ел жақсыларының жәрдем беруі туралы. Әсіресе, Сырымбеттің алты баласына баста жазылған Андақұл, Танарқұлға, Өтеп – Өтеғұлға, Жылқыайдар Ырысқұлдың, барлық жазылған Абақтың бұл алтауынан кимылдар шамасы да жоқ болатын.

Біз Дулат елінің әрі еркесі, әрі серкесі емес, бегі деп жылқышылар күздің суығында қазы-қарта жеп, ел қыдырып тамашалап жүрді. Қаңтар туып, қыс қатая бастады. Ал бірсыпыра ел адамдары «бұл жылқының келуі жақсы болды, семізін жеп, келесі жылы қосамыз, әзір тұра тұрсын» деп, енді кейбіреулері, «бұл жылқының жал-құйрығы, терісі бізге жақсы болды, бір кенелеміз, бұл қыстан мұның біреуі де қалмас, «бай бір жұттық, батыр бір октық» деген осы. Қайран қара қорымдай қасиетті мал қай сайда, қай шұқырда қалар екен», – деп қойды елдің бірқаншасы.

– Ой, өздерің не боласындар, өз малдарыңның тілегін тіле, – деп қариялары ақыл айтып жүрді.

Дегенмен бірсыпыра ел сөзімізді сөйлеп тұрсын дегендей, бірқанша қартайған бие, құнан, дөнендерді қарызға берді. Мұнан соң ел ішінде малшылармен шатақ болған жоқ.

Қаңтардың қары алғаш себелеп бастап, күні-түні жауып, екі күннің ішінде құлынның құйрығын, аттың кара қапталын басып қалды. Бұл кезде жылқының бет алысы ащы су, серек тас басып, жусанды далаға беттеп жайылғанды. Ырысбай қардың түріне қарап:

– Енді өзіміз де өлеміз, жылқыны кейін салып ауылға хабар берелік, – деді.

Наурызбай: – Жиенбек бүгін ертеңгі тамаққа келмеді, – деді.

Ырысбай айтайын деген сөзін тоқтатып, Жиенбек жоқ екенін білген соң, Жакыпқа қарап:



– Сен неғып отырсың, Төленді, Мағашы – үшеуін отырмай, тауып келіндер. Боран болса кешке қалай болар екен? – деді Ырысбай.

– Төленді, Құла айғырдың үйірі бар ма?

Төленді айтты: –Жоқ, Жиенбек соны іздеп кеткен, – деді.

– Онда біз де ізін шалайық, – деді, – Жануар қайда кетті екен? – деді.

– А, Құла айғыр, – деді, жерді басып қалған қалың қардың сорабына теріс ауа жайылып, ұзай соққан сорап із көріп.

– Жиенбек, бұл жайылмай жүргені несі? Әлде біреу айдаған ба?

Түні бойы ұйықтамай, әрі насыбайы таусылған Жиенбек, қосқа барып, тамақ ішіп, насыбай алып, бір күндік азық алып, іздейтіні бұл ұзап соқты а, Құтым? – деп қойды. Ол есіне бір нәрсе түскендей «қасқырдан аман болса, жануар қосқа қайта келе жатар» деді.

Бір төбенің басында тұрған Жақыпты көрді де, оны шақырып алып:

– Сендер малға барындар, анау жақтан мына жақтың қары жұқа екен, қосты солай қойып, жылқының басын осылай беттету керек. Теріскеннің бүрі, сексеуілдің, жыңғылдың бүрі жақсы екен, сол қалыппен тұр, – деді.

– Мен тамақ ішпейін, Құла айғырдың ізіне түсейік. Үйірімен алыстап кетіпті, – деді.

– Ырысбай, қайта көшеміз, – деді Жақып.

– Олардың сөзі құрысын, Жирен бие мен Құла айғыр айтар олардың қалай көшуін, – деді Жиенбек.

Жақып Наурызбайға және басқаларға хабарлап, Жиенбектің ауылға келгенін айтты. Жақып Ырысбайға:



– Жиенбек, анау жактың қары жұқа, оты жақсы екен. Қосты тастап, жылқыны сол жаққа айда деп келді, – деді. Ырысбай:

– Бара көрерміз, – деді.

Жиенбек тамағын ішіп болып, бір күндік азық алып, қылышын мойнына асып жатқанда:

– Мен де барайын, Жиеке, – деді Ырысбай.

Бәрі бірынғай сөзге келіп, жылқыны сол жаққа аударуға келісті. Ырысбай тары-талқан, тоң май, қол бақыр алып жүріп кетті. Екеуі сол бойы ізге түсіп, қалың қардың үр-десіне малтып келеді. «Мынау қар қатса, біз түгіл құлан да жүр алмас бұл жермен», – деді Ырысбай.

Күн батты.

Сексеуілдің шетіне келіп кірді.

Құлан, бөкен, қаракұйрық топ-топ болып жүргеніп көрді. Аттың қара тұяғынан келетін қар бар, шөбі – от, «Жаудың ең күштісі мұнда болды», – деді Ырысбай. Мынау құланның айғыры Құла айғырдың үйірімен шайнасып қырылар, – деді.

– Жоқ, наурыз айы туған соң, өлі денеге жан бітер, көтерем шыққан да болады, жылқыға жақын келе алмайды – деді Жиенбек.

– Бұл жерде қасқыр да болмас, шибөрі де болмас, – деді Ырысбай. Ол сексеуілдің қуын жиып, шақпақ тартып от жакты. Жиенбек оттың жан-жағына сексеуілді қалады, оттың жарығы далаға шықпастай қылып. Ырысбай: – «Мұның не?» дегенде, ол:

– Әрі жылы болады, әрі құлан келіп бізді көршамасын деп жиып жатырмын. Оттың жарығына келіп тұрып алып, аттарды оттатпай мазасын алады, – деді. Ырысбай қалың еркек селеуді тағы қалады, сөйтіп жылы үй жасады.



Тамақ істеп ішіп, екеуі от жағып отырды. Ырысбай аз ойланып отырып:

– Сіз осы Құла айғыр мен Жирен биенің сырын білесіз бе, осы өзіміз бағып жүрген жылқының тұқымы ма? – деді.

– Жоқ, баяғы Андас, Барлас руынан шыққан жарықтық Шораның асын беріп ат шапқанда, бәйгенің сөресіне төрт құлын келген. Ел барын алып, төрт құлын қалған екен, ешкім алмаған соң, біздің ауылдың атын Байқос қойып, Құтекем осы жиналысқа бармаған. Сол жолы барып, ауыл жақын болған ба, төрт құлынды айдап келіпті ауылға. Жаздың айында жабағы жүні түскен жоқ.

Құтымға бәрінен өзгеше Құла айғырдың, Жирен биенің тұқымы сол, – деді.

Тәрізіне қарағанда, Арғын Шұбыртпалы Ағыбай ауылына жегжат, әрі аска берген көрінеді.

Жирен бие жасынан күн батысты көздей жүреді. Зады шыққан жерін білсе керек. Ал Құла айғыр құлыннан тоқтаған биеден туған. Менің байқауым, мен жылқы баққанға аз жыл болған жоқ қой, – деді.

Ертемен тағы да ізге түсіп, Құла айғырдың үйірін тауып алды.

– Ырысбай, сен ауылға бар, мен осында болайын. Көш асықпай келер. Жылқы нашарлап боранға ұрынады, тез айдатып жібергін, – деді.

Ырысбай сол бойымен кешке қосқа келіп: – Жылқыны түнімен айдатып қос та, тез көшсін. Қайда баратынын айтпандар, – деді.

Қаптаған қалың жылқылы бір топ ауыл бір күннің ішінде ізім-қайым жоқ болды.

Сөйтіп, қыстай Көсікбас қопалы, Құндыз су, Жуанбел, Ақжал, Өкіген деген жерді жайылып, мал өлмек түгіл



семіз шықты. Қар суы болды. Бес Тоғыз өткенде, Іле суының бойындағы сары өткелден бір-ақ шықты. Іле суының бойындағы қамыс пен ағаштың жасаңы ішінде суды еркін ішіп жетісіп қалды.

Жиенбек талдың қабығын аршып, насыбай укалаймын деп отырып, қамысқа өрт тиіп, қамыс арасында жайылып жүрген алпыс жылқы өртке кетіп, пісіп қалды. Он жеті қосқа алпыс жылқы сөз бе, бәрін тұздап, кептіріп алып, енді ауылға бірсыпырасы бос бармай, қаңтар, наурыз, көкек, мамырдың ішінде ес жинап ауылға баруды ойласты. Келесі күні Қожантай, Құтым келді. Ауылдың амандық жайын айтып, бірқанша сәлемдемемен келген. Аман-сәлем айтысып болған соң, Ырысбай Жиенбектің алпыс жылқыны өртеп жібергенін айтты.

– Жаксы бопты, бұл жылқы бұдан да тағы өсседі екен, – деп Құтым қуанып қалды. Ол шын нәрсе емес алаштан озбаққа. Елге бак деген әлгі өртенбек тұрғай, ер-тоқымын ұстап қалған адамдар коп. Енді ауылға барам дегендерін төрт жастан асқан айғырдың бәрін қарап, ішіндегі семізінен бір жүз елу бас айдап келіндер, – деді де, астындағы құла атын жорғалата бастырып жөнелді, омырауы ашық сары тонның етегін жиған емес. Өмірінде бай адамдарға ұқсап жиналыс сөз дегенді білмейді. Бұл кісінің жұмысы мал баккандардың ішінде жүру еді. Асығыс жұмысы бардай-ақ тез қайтып кетті. Бар болғаны екі-ақ күн болды. Жиенбек, Ырысбай, Наурызбай, Оразбайлар «бұл кісі неғып тез кетті» деп күлісті. Мүмкін, биыл үйде жатқаны жағып қалған шығар.

Ах, ах!

Жиенбек, Ырысбай, Наурызбай, Оразбайлар он жеті топ жылқыдан семізін таңдап алып, пінкенді көтереді



дегеннен бір жүз елу бас жылқыны бөліп шығарып айдатып жіберді. Барған соң Жаманқыз балалары жетпіс бес бас, Қыздархан балалары отыз бес бас, Маржан балалары қырық бас пішпе дайындап салды. Қожантайға «осы елді аралап көр, ел аш па, тоқ па?» дегені бойынша ел аралағанда, бірсыпыра ел нашарлап қалғаны белгілі болады. Бірен-саран малы бардың малы союға жарар емес. Арықтап қалған малдың сүт боларлығы жоқ. Басқа ауылдарға, елге хабар айтып, үш ененің балаларының пішпелерін пішкен екен. Керек дегендері қарызсыз ет алсын деген хабар дүнк ете түсті. Әліне, күшіне қараған жоқ. Тамак керек, ел талап ет болып, қазан қайнап қалды. Ел адамдары бапқа, әсіресе, мына үш ененің балаларына көп рахмет айтып шулап жүр. Бірқанша ел адамдары Қожантайға: «Бұл малдарына не сұрар екен», – деп сұрағанда, Қожантай: «Білмеймін», – депті.

Сол күні «Мұны неге піштіріп жібердіңіздер, кейін не болады?» дегенде Құтым: «Бұл малдан еш нәрсе алмаймыз», – деген.

– Егер олай болса, піштірмей неге бермедің, – дегендерге:

– Ей, Қожантай, біздің балалар өзіміз өлсек, «Сенің еліне доңыз жылы ат бергем» десе, не болады. Малы бар адамның міндеті – ен салу, піштіру. Бір міндеттен құтылдық. Піштіріп және де дауламас қылып пішпе ет етіп беріп отырмыз. Біз кеткен соң, бұл дүниеден балалар өздері бағып, өздері беріп, сұрап алар өз малын. Ал біздің ойымыз осы үш шешеден қалған балалар жеті-сегіз адам, бізден соң өздері білсін. Мен ағайын туғандарға және басқа ағайынға мал бергем жоқ, ет бердім. Көңіліне жақса болды. Басқа шалдар үндеген жоқ.



Қожантай: «Шалдар, дегенмен ерсіндер, біз болсақ, бұлай болмас еді», – деді.

– Ел болу оңай, ер болу қиын, Қожантай мырза, – деді. – Қанша ел бата беріп қуанып қалды маған. Меккеден ... дегеннен осымның өзі жақсы, – деді Мұрахан. Қайырлы болсын. «Мал соқса елдікі, ысқырса желдікі» деген рас. Биыл доңыз тәуір-ақ өксітті. Мал былай тұрсын, адам шығыны да бар, – деді Қожантай.

Мұрахан Қожантайға бір қарап:

– Қара қыстак, одан әрі қырғыздың тау арасына қой мен сиыр кеткен. Бес тоқсаннан бері хабар жоқ, сол малдарды барып көріп келгенде болатын еді. Одан бері не болып жатыр? Жылқы малы жаман емес, өзім барып көріп келер ем, осы биыл аурудан бері қарай алмадым, белім ауырады. Атқа жүргенге нашарлай бастадым. Сол малға, Қожантай, сен бар. Амандық болса, жайлауға шыққанда, сол Мәпі-төбе, Ош, Үшқоңырға шығу керек. Мұндай жаманшылықта тау өлкесі жақсы болады. Мал тез көтеріледі. Және енді бала-шағаны жат қылмай, Баба Сырымбет, Қолболды, Тілеуімбет елдерінің – ағайындардың ортасында болуымыз керек. Жиенбек ол жақтан биыл көш деп дұрыс айтып жүр. Қожантай, сен қалай қарайсың? – деді.

– Өздеріңіздер білерсіздер, сіздер тірі тұрғанда, біздерге жол болсын.

Мұрахан жырық айтпай күліп:

– Шал жаман айтып отырған жоқ, енді алшақ көшуді тоқтату керек, – деді.

– Енді осы Есбол, Досбол, Қанай, Данай не істеп жүр, оларға мал-жан керек пе, жоқ па, осы отырған шалдар тірі жүре береді деп жүр ме? Әй, қулар-ай. Енді бір пәле шықты ала қағаз ойнаған. Бірін-бірі ұтып алып, тағы бір



сұмдығы қатын-баласын салып мал-мүліктен ажырау деген бар. Әсіресе, бай балалары бұған қатты кірісіп жүр. Мұның көзін жою керек. Балаларға сак болындар және соларды малға жіберу керек, ерікпей мал бағып көрсін. Қожантай, сен солардың ішінен біреуін ала кет, ел көріп, жұрт танысын. «Қумен жолдас болсаң, қуарарсың» деген бар. Балаларға мұндай істетпеу керек, сондай сұмдықтан тыйған жақсы. Ал біздің ауылдың балалары ондай істесе, тек керіп тастап, үстінен қой айдап өту керек, – деді Мұрахан.

Досболдың әйелі жүкті болғанда, әйеліне қарамай, қапалық салған. Қазарманың маңынан шықпайды. Әйелі босанып, ұл туды. Баласына келмей, мынау Шеңгелдіде не бар. Бір бұты сыйдиган сары халық келіп, барлық мықты соған жарамсактанып қалыпты дейді. Алматыдан тура жол салып, бекет жасап, қисық ауызы аспаз боп, әлгі Есбол, Досболдар осы айтылған үш жерден шықпайтын бопты, келінге айтындар, туған баланың атын Тілеміс қойсын. Жақсы болса тіл алар, жаман болса тіленер. Орыстар жаңа келгенімен, Іле су бойына тура жол шығарып, бұрынғы ескі жол қалып, жаңа жол – жаңа закон шығарып жатыр. Енді Іле суының күншығыс жағына отыру болмас. Абак – Тарак бөліне бастады және Төреміс ұрлыққа айналыса бастапты. Әлгі біздің қу Бапан сол Төреге пысық Мұрахан. Екінші Албан – Суан Дулаттан бөлініп, жеріне шек қойыпты. Албан, Қапран Төре, Тарақтан Тезектөре, Ботбай Сыпатай батыр. Жеті мың жылқымен Жұлдызға барамын десе, Тәшкенбай сазына жеткенде, «Менен сұрақсыз шыққан» деп айттың деп, бес жүз жылқысын талатқан. Сыпатай батыр бес перенге хат жаздырып, Албан, Суан, Жалайырға жем болсын десе, жата берсін, болмаса,



шапқан қандай екен көрсін деген екен Жайнакқа, Сұраншы Керімге, Бөлтірікке. Сұраншы естіп және бес жүз кісі алып, Түрген, Шелектің қасына қонған кезде, Албан үркіп, Суан Қожамбет биге кісі жіберді. Албан Қожамбет, Қапыран бәрі Тезек Төренің үйінде бас қосқан екен. Тезектің үйінде отырған Сүйінбай ақынға «Тезек – тері-терсектің ақыны емес» дегенде, Тезек Төреге Сүйінбайдың айтқаны:

– Ей, сөйлесем сөйлейін, хан ием-ай,
Төрт Дулаттың төрт Ұстыны – біреуі бай Ұзақбай.
Ұзақбай хан, Шойбек Қара өңір...
Жатыр еді Бөкемнен, Шаянда Батырбек бар,
Төртеуінің қасиеті мынау жатқан дәу Сыпатай,
Қокан берген Дулат атқа мінді-ай,
Өстіп жүрген Дулатқа тіл тигізіп,
Тұқымын құрымасын жалғыз атты байғұс Төре-ай.
Сонда Тезек Төре:

– Мен баска Сыпатай ма десем, Ботбай Сыпатай ма?
Ол неғып жерге тарылып қалған. Ал Қожамбет, Сүйінбай,
Қапыран Төре үшеуің бітір. Мен Дулаттың малын бағуға
келгенім жоқ, – депті.

Мұрахан, Айтбай, Жартықашкынбай, Құтым:

– Ой, заман не болар екен? – деп Қожантайға қарап
қалды.

– Айтқаның рас, енді Іле суының күншығысына отыруға болмайды.

– Е,е, Алла, Алла, бір сұмдық, Қожантай қарағым, маған осындай нар сөз айтпашы, берекең ұшқыр. Бәсе, былтыр неғып күн жаумай, шөп шықпай қалды десем, бәле, бәле... ууоо... Хан жауғырлар-ай, бәсе, Албан Райымбек батыр, Суан Қабан батыр, Шоқпар батыр, Өтеген батыр – бәрінің



айтқаны енді келе жатқан жоқ па? Осы, Қожантай, сен қайдағы пәлені қайдан біліп тұрасың? Ол жалғыз көзін Қожантайға қадап ашулана:

– Ол акырзаман болып, Мәді шыққан, сонда болады деуші еді, айнымай мынау доңыздан бастап тышқан, сиырдан калар емес кой, – деді.

– Сабыр етіңіз, кітапта былай деген (*ескерту: мұнда Құран аяты келтірілген*)

Заманды заман қуады,
Заманнан заман туады.
Қуып жүргеннің бәрін де
Шырмап нықтап буады.
Шұқырға нықтап тығады,
Сонда жан тынады.
Заманды заман қуады,
Заманнан заман туады.
Алдыңғысы шіріп, қирап сынады,
Жасарып қайтып шығады, – деген деді.

Осы сенің кітабыңның мағынасы өлең бе, жоқтау ма? Атам Өтегеннің Райымбек Қапанға шоқпары сынып, шырақ жағып, мұндай сұмдықтан сақтар дерміз, – деді.

Құтым тағы шыдамай:

– Бұрынғылардың айтқаны рас. Жамбыл хан осы Шу бойында тұрып, шығыстан Пыт (Корей) еліне шейін батысы Қырымға шейін, суық Дарияның жер қақпасына шейін сұраған. Жамбыл ханның баласы Оғыз хан арабқа барып мұсылман болып, қырық алты түрік руына еге болып, соғыс шығарып, алты жүз жыл бойы соғысты. Сол заманда «ала жылан – аш бақа» ауыз бірікпеген. Сөйтiп алты алаш болып атанды. Тағы сол заман болып шығады десеңші. Құ-



дай – аруактар өзің жәрдем болып, халыққа тыныштық берсін. Сұмпайы қулардың несі кетеді... Заман, заман-ай, – деді Құтым.

– Балалардың аман-есенінде туыстарының жеріне алып бару керек. Үш ененің баласы мұнан соң қоныс ажырап, бірін-бірі танымай кеткелі отыр.

Ойсылдан – Сіргелі Қоңырат,
Сіргеліден екі бала – Абак, Тарақ.

Тарақтан – Жалайыр. Мұның баласы екеу: Қапылан, Дәулетбай – Дәулетбайдан екі бала: Сырмалақ, Шумалақ. Бәрін айтқанда он екі ата Жалайырдың бірқаншасы дәмдес-тұздас болып, оның ішінде, әсіресе, Балғалы, Сиырша, Андас, Барластың балаларын шақырып, ажырасу асын беріп, жегжат-жұрат болып қалған. Әсіресе, белгілі аталары Өтеген батыр, Сары Байсары батырлардың басына барып, мал сойып, шырақ жағып, жыласып, шуласып, үш-төрт түннің ішінде барлық молалардың басына шамшырақ жақпаған жері қалған жоқ. Аттары аталмаған аруактар қалған жоқ. Көшіп бер жаққа өткенше, Құтым мүрденің басынан кеткен жоқ.

Әуелі аталарының атын атап, одан соң Ойсыл Қара Әулие, Қамбар Ата Әулие, Зеңгі Баба Әулие, Шопан Ата Әулие,

Жығылғанда сүйей көр,
Сүрінгенде демей көр,
Жаздай жарылқа – жазбай жарылқа,
Қыстай жарылқа – қыспай жарылқа.
Күздей жарылқа – күдерді үзбей жарылқа!
Айдан аман, жылдан есен қыл,
Көп ішінде көсем қыл,
Сөйлегенде шешен қыл!



Артымнан қумасын,
Алдымнан бумасын.
Өкпемнен қыспасын,
Бақ басымнан ұшпасын.
Бабай Түкті Қызыр шаш,
Қараңғы тұман көңілді аш.
Жаққаным май шамшырақ,

Жәрдемші бол коп аруақ, Аллаһу акбар, –
деп күбірлеп: – Ерсары, Байсары, Еламан, Жоламан, Қапан,
Өтеген, Ескелді, Балпық би енді қалай болар күй.

Қалбұлақ, Жылыбұлақ, Өтеген, Қазбек, Көктал, Топар,
Аламалы, Жыңғылды, Ашусу, Қасиетті Қаншеңгел, Серек-
тас, Жайлаулы жері, Қарақия, Шокпартас, Суықтөбе, Қа-
рақыстас, Кәстексай, Қарғалы Көктөбе, үш судың құйға-
ны Күрті сай, жайылымдары малға жай осы жерлер болар.
Бізге жай Ұзын Қарғалы, Шамалған, көзінменен жер шал-
ған, қанша жерге аз ауыл Сырымбет қоныс етпеген жер
қалған жоқ. Сонау Таластан Көкшетауға барып, сонау
Балқашты басып Қаратал, Алтын Емел, Іленің екі жағында
қоныс етпеген жер қалған жоқ. Атамның аруағы оның
халыққа деген еңбегін сыйламаған Ұлы жүзді, Орта жүзді,
Байарыс, Жанарыс тұқымында білмейтіні шамалы.

Үш судың құйғанында

Қонысы ауған 125 үй Құсдәулет сол Жаман доңыздан
малы да, басы да қатты өсті. Сол ауылдың жылқысы 20000-
ға жетті. Қой саны 70000-ға жетті. Іленің күнбатыс жағы-
на өткен соң, баяғы Өтеген, Қазыбекте қалған Ылау ба-
лалары «Кемеші келсе, қайықшы судан шығады» деген



болар, малдары шамалы болған соң Алматыны көбелеп, Талғар жакка бөліне көшті. Үш судың күйғаны Күрті, Шыққанның өткелінен бастап, Ашу, Серектас қыстаққа айнала бастады. Мал жайылымы мұндағы Шыбыл, Тілеукабыл, Шағатай, күнбатыс жакты Ысты, күншығыс жағын Байыс жайлады, оңтүстікте Екей, Еміл тараған: Жарылқап, Өтеп, Көшек, Кәшке, Мырзабек жерін, Күрең, Жарылқап, Карашы батырдың туған жиені Өтеген батырдың шешесіпар Жарылғаптың кызы. Ал Мырзабек Кәшке шетінен жегжат. Құттысейіт күйеу, оның баласы Құдайберген туған жиен. Мырзабекте Базарқұл батыр, Андас батыр туған құдасы Айтбай Майлықөттің, Өтеген батырдың сегіз ұлының көбісі күнгеі Шу бойына ауған.

Аюса, Базарбай балалары, Өтегеннің туған інісі Табылды балаларымен бірге, мұның қоныстасы көбінесе Сырымбет балаларының бас қонысы болған жерлер Қырғыз жерлерімен шектес болса, Шу өзенінің бойында. Бір қаншасы Қалқұтты Қакпагас, Иірсу, Кіндіктас жактарында жүрді. Мұнда Сырымбет балаларының Рысқұл, Жылкыайдар балаларының қонысымен бірге болды. Бұқкармен бірге туған Ораз балаларының ауылына аралас отырды. Құлжабасы, Мәтібұлақ, Қобаның басында жүрді. Баска да аз ауыл болғанымен, қырғыз-қазақ Жетісумен шектес отырды.

Қырғыздың Сарыбағысы Тынай мұның ішінде Өтеке балалары:

Қарабектің баласы Жантайұлы Шәбден, Телтай, Далбай, Ыбырайым жегжат қаншалықты мықты бай болғанымен, ажалға ара тұрары жоқ. Іле суының күнбатыс жағына өткен соң, батырдың атағымен байлыққа ие болған.

Ауылдың ескі көз шалдары оба келгенде, өле бастады.



Құтым барыс жылы мамыр айының аяқ кезінде нашар, ауру деген хабар Шу бойына, Қалболға, Көктал Қобарға, Талғарға, күншығыс жағы Талдықорған, Қаратал, Алтынсемел, Қоңырөлең, Жалайыр, Суан еліне жетті. Есік, Түрген, Жаланащ, Нарындағы Албан Қызылбөрік, Қоңырбөрік еліне хабарланды.

Қырғызда үлкен Кемін, кіші Кемін (қоңыр белдік) Көктөбе қонысында отырған малды ауылға хабар барса, Әтеке балаларына хабар жетіп, үш қырық ауылдарға хабарлап, Кертөбел, Қарабұлаққа Бәйтелі Қаумен руындағы жегжаттар да хабарлана бастады. Қалқан көлдің күнбатыс жағында ауылдың ортасында он екі канат ақ үйдің көк терегіне байланған ат жиілей бастады, адамдар копарыла бастады.

Козы қойға ілесіп, жер берекесі де, мал берекесі де кіре бастады. Күнде соны көріп отыратын Құтым бүгін сау көзі күнгірт тартып, ауыл адамдары көрінбей, қатар отырған ақ үйлер боз ала тартып, ауылдың түрін кормей, басы айнала берген соң, Айтбай молданы шақырып, қасымда бол деді. Құтым Айтбайға:

– Ертең осы ауылдың адамдарын шақыр, менің оларға айтар сөзім бар, – деді.

Ергенгі малды жайғаған ауыл адамдары Құтымның халі нашар деген соң, үш шешенің баласының барлығы дерлік жиналып, он екі канат ақ үй тола бастады. Ауыл адамдарының келуін күтіп жатқан Құтымды үй ішіне адам сыймаған соң, далаға шығарды. Құрулы тұрған көленкенің астына жастықты биік жасатып, өзі соған сүйене отырып, бәріне тегіс қарады. Кейбіреуінің өң-түсі өзгергендей, жанында отырған Айтбай да көзіне бір түрлі болып көрінді.



Күн қыза Қараойдың ойпаң жері көл болған, «мұны Қалқан кол» деп атап кетті. Мұның суына түсіп, судың ішіне бойлап, кейбіреуі суға аунап, күнде мұндай уақытта жылқының келгенін ауыл ақсақалдары көріп тұратын. Бұл күн жылқыны қарсы алған адамдар жоқ. Аттарына мініп, мал аралайтын адамдардың бәрі де көрінбейді. Дөңдей жерде тұрған Құтымның үйінің төңірегі байланған аттар мен адамдарға толған. Мұны көрген Жиенбек тездеп ауылға келді.

Сәлем беріп, көңіл сұраған Жиенбекті Құтым жанына шақырып алып: «Маған жаңа сауылған бие сүті керек, жылуын шығармай тез жеткіз», – деді. Әкелген сүттің бір шарасын ішіп, бие сүті ем болғандай басын көтеріп, жанжағына қарап, басын бір шайқап, Құтым былай деді:

– Он сан Орманбет, қырық сан қара қалмақты аралап, атам Өтеген... – деп көзінің жасын ағызып бір қарап алып: – кешегі Абылайды хан көтергенде, Шу бойының «Түкіге үсіген» деген жерінде орта жүздің данасы Бұқар жыраудың айтқаны... Соларда өтті дүниеден. Елін жауға бермеген, малын жұртқа бермеген батырлар да өткен жер екен, – деп, “мал мен бала дүниенің азабы” деген емес пе.

Малдан гөрі қалмақ Қоңтайшы айтқан «мал тамырын тартқаннан, жер майын тартқан ел артық». Біздің уақыт әурешілік. Өнердің алды – қызыл тіл, екіншісі – мергендік, үшіншісі – ұсталық, ең жақсысы – диканшылық. Міне, осы түгел болғанда ғана мал деді.

Мал – еріккеннің ермегі, көштің сәні,
Жайлау деген бір жақсы –
Жапырағын жайқалтып қона қалса кең жерге,
Қыстау деген бір жақсы –
Мекен салса кең жерге,



Жегжат деген бір жақсы –
Құда болса тең жерге,
Байлық деген бір жақсы –
Қарасып тұрса кемдерге.
Өсиет деген осы, шырақтар,
Қалдырған айтып сендерге, –

деп ендігі сөзді айтуға әлі келмей, түсі қуаң тартып, сау көзі жұмылып, аузын бір-ақ ашып, қол-аяғын созып, бұл дүниенің жарығын қоруін тоқтатты. Сөйтіп мамырдың он бесі күні Құтым қаза болды. Айтбай молда «Өманту билләһи ...» дей бастады.

Оған қараған адам жоқ. Шулаған ауыл адамдарының даусына Қалқан көлдің қаз-үйрегі қоса шулап, ән қосты. Ауыл адамдарының шуымен жылқы да шулап, түйе боздап, ауыл иттері де айқай шуға қосыла ән қосты. Ақ үйдің тынышы бұзылып, ауылдың қадірменді қариясының қазасына көңілдері босап, басына жақын тұрғандар шындап жылап, Айтбай, Мораған, Жырықбол үшеуінен басқа, Жиенбек шындап жылап жүрген. Жастар жиынның тамашасына қуанып жүр.

Белгілі үш ененің баласы өздерінің қариясын қадірлеп атқаруға кірісті.

Төбелеу жерге қонған Құтымның үйінің жанына қатар үш үй тігілді. Бірінші үй – үлкен шешенің балалары, қыздарының балаларынан Айтбай молданың баласының үйі Тойманбеттікі еді. Екінші үй – Жаманқыз балаларынан тігілген үй – Морағанбайдың баласы Есенкұлдың үйі. Үшіншісі – Маржан балаларынан тігілген үй – Тайсарының баласы Есінбектің үйі. Бұдан басқа тігілген екі үйдің бірі – Базарбай баласы Шуақтың үйі. Тағы бірі – Солтыбектің баласы Ырысбайдың үйі (Аюса).



Бұл алты үйдің ортасындағы Құтымның үйінің шаңырағынан шығара байланған қара ту тігілген. Ту басында кодастың жалы кадалған. Жалпы елу үй қатарлана тігілді.

Сол күні жақын отырған Шағатай, Тойшыбектер қасында он кісісі бар ат қойып келді. Келесі күні күннің шығысынан Қарғалының күйғанынан бір топ атты адамдар көрінді. Байыс Баубектің ұлы Бекбатыр екен, мұнымен қоса келгендер Құлболған Ыстыбайлар, барлығы елу адам. Мұның артынан Шатпар Тойшыбекұлы Сары Қажының баласы Уәли бастаған он бес адам. Бұлар Сарыүйсін руынан. Сол күні кешке жақын күн батыстан жүзге тарта Қасқараулар келді. Ораз балаларының ішінде Сарыбас ақын бар. Кебекбай батыр Жылкыайдар руынан, Мамай, Тәкен бар, Еркебай, Еркетайлар бар.

Өтгенмен бір туған Өтеғұлдың баласы Табылды балаларынан Онбай баласы Мыңжасар, Ыстыбайдың баласы Аямбет, Өтейден Елемесұлы Есімқұл, Байтілестің ұлы Құс, Мадиярдың ұлы Сейдахмет, Тілеудің ұлы Дәулетбак, Байғазы ұлы Асылбектер бар.

Жаныс, Жанту, Жактан, Үшкемнір ұлы Саймасай, Смайыл Ұлы Мәніке, Тасболат ұлы Алпысбай, Ниязбек ұлы Сәт, Екей ұлы Емілден келгендердің ішінде Айдостың ұлы Сарыбай, Құттықсейіт ұлы Құдайберген, Қәттектің ұлы Базарқұл, Кобейдің ұлы Мәнеке, Мендекенің ұлы Боташ бар.

Қырғыздардан Тынай руынан Өтеке балалары, Қарабектің баласы Жантай, екінші әйелінің баласы Телтай, Ыбырайым бар.

Суаннан Тоғарыстың баласы Ақша, Есдәулет бар, Өтекей батырдың баласы Рахмет бар.

Албаннан Қызылбөрік Ажыбайдың баласы Үстем, Жа-



манбала Намаз ұлы. Жалайырдан балталы ақ бұйым Байсейіт, Шораның ұлы Төрегелді батыр бар.

Бәйдібектің тұқымынан келгені аз-ақ. Жетісудың атақты адамдарының бәрі дерлік келді.

Құтымның қыркын отыз бес күнде өткізуге тура келді. Күн ысып, мал жайлауға шығу керек. Мораған, Айтбай, Тайсары ақылдасып, үш шешенің балалары үш жайлауға келісті.

Бірінші, Қыздархан балалары – Қарақыстақ, Кәстек, Мырзабек Кәшкенің жайлауына шығу керек. Суықтөбенің күн шығысынан бастап Қарақыстақтың кара қиясына жайлауға шығу. Мұнда Көшек, Нұрабай, Кәшеке, Мырзабек, Тайторы, Тілеу, Жарылқаптың Бессары, Екей Емілдің топ жері. Күзге қарай Құтымның асын беруге жаз басынан кам істеу керек болды.

Екінші – Жаманқыз балалары Суықтөбенің күн батыс жағын Боктымүйізден бастап, Сырымбет балаларының жайлауы Шоқпаргас, Желсаз жағына шығу. Мұнда Бұққардың төрт баласы: Баба, Сырымбет, Құлболды, Тілеуімбет. Ораз балаларымен шектес Табылды балаларының жайлауына шығуы керек.

Үшінші – Маржан балаларынан Екей, Айқым күн шығыс жағында Құлболдың жайлауына шығуға тура келді. Екейдің жайлауын – Қоңыртөбе, Майтөбе, Үштөбе, Үшқоңыр жайлауларының ұштасқан жері. Кіші кебінің басы Қарғалыдан бастап отырғанда, Қаскелеңнің басынан бастап, Алматы мен Бішпектің арасында жайлауға мал орналасқанына жақсы. Мұнда Бесжам, Шапырашты және Жаныстың, Жанту, Жарылқасын балаларының күзде болатын астың қамына кірісуі керек.

Бұл асты ойдағыдай өткізу, әсіресе, Мораған, Айтбай,



Тайсарының ұйқысын келтірмейтін жұмыс болды. Сонымен қатар «киіз кімдікі болса, білек сонікі» деп, бұл жұмыс үш ененің баласына бірдей батқан жоқ. Осы айтылған үш кісі өз көзімен көріп, ендігі балаларға мирас ретінде көрсету керек еді. Мораған Айтбай мен Тайсарыға ақылдасты, жайлаудан түспей, Әндіжанға мал айдау керек. Сол үшін қазір қанша мал, қай уақытта, қай жерге жию керек, мұның бастығы кім болу керек деген сөзді айтқанда, үшеуі ақылдасып, немере-шөберелердің бәрін ішке ала отырып сөйлесуге ұйғарды. Сөйтіп, осы үш шешенің балаларынан елу-алпыс адам жиналып, үш шалдың айтқанын тындаған соң, жайлауға қарай кімдер шығу керектігі сөз болды. Осыны айта келе Мораған: – Мына үш ененің баласының айыруына бір қаншасы ренжігендей болды, – деді.

Тайсары ұлы Танаш:

– Сіздердің бұл жобаларыңызға біз не дейміз. Бұл күнге шейін жылқыны бір кісі, қойды бір кісі, түйені бір кісі басқарып келді. Енді бұл үш ененің баласының жылқы, қой, түйелері ажыратылып бағылады.

Отырған адамдар біріне-бірі қарап қалғанда, Жиенбек өкіріп жылап жіберді.

Мораған, Айтбай, Тойманбеттер сасып қалды. – Жанқара қайда барса да, бір жүреді, ажырамаймыз, – деді.

– Оу, өңшең оңбағандарды қара. Балалар шешесін бөліскісі келеді. Көздерінді жоғалт, кім қайда көшеді, өзіміз айтамыз, – деді. Жартысы –үлкені бар, кішісі бар – бәрі де үйден шығып кетіп қалды.

Жартыны, Жанқараны Үркінші алып қалып, бес адам болып кеңесіп мынандай тиянаққа келді.

Қазірден бастап Әндіжанға, Тәшкенге айдалатын мал-



ды орталық деп Тоқпақтың тұсы Қарақыстақ Кәстек жайлауына шығару керек. Үш мың қой, мың жылқы Құтымның асына арнап жұмсалу керек. Бұл малдарды айдап барып сатып келуге Сатыбалды, қой малын сатуға Құлыш барады, ал жылқы малын сатуға Кәрібоз барады десті. Баратын малдың бәрін орталық Кәстек Қарақыстақтың жайлауына шығару керек.

Жиынға келген адамның бірқаншасы қыркын өткізуге асықты. Жай бата оқушылар тез қайтты. Жері алыс қырғыздар мен Албаннан, Суаннан келгендер қыркын өткізуге тура келді. Құтымның сүйегін Кәшенің жанына қойды. Бірқанша Қасқарау бұған разы болмады. Бұл жерде Өтегеннің ең кіші баласы Тарыбақ Өтейінің баласы Малдыбайдың қасына қоймағанға (Шапырашты Малдыбай би болған, Өтегенмен бірге туған Өтептің баласы) ренжіді.

Мораған атақты бай болса да, момын кісі болған. Айтбай молдалықпен өткен. Мұның ішінде баса сөйлеп, басқаруда төреші болған Тойманбет, Жарты, Үркінші, Жанқара еді. Енді туысымыз бір, біздің де қариямыз деп Шу бойынан келген Өтегеннің Сегіз баласының біріншісі Қосағұлдан Сартайұлы Қожантай (батыр болған), Шаншардың ұлы Байғабыл. Екінші Лак баласынан Шұқытаттың ұлы Боққар, үшінші Базарбайдан Бөлтекұлы Белкожа, төртінші Бердістен, Бесінші Аюсадан Тоғызбайұлы Ағанас, алтыншы Асаудан Мөкленің ұлы Төрік бар, жетінші Тарпаңнан Абактың ұлы Төлек бар.

Бұл адамдардан басқа төбе басы тоғыз адам болды. Бұл адамдар мыналар: бірінші Суаннан Жылкелдіұлы Құдайберді, екінші Албаннан Ажыбайдың ұлы Үстем, Жалайырдан Төркелдің ұлы Қосжан, төртінші Дулаттан Ырысканбайдың ұлы Сыпатай, бесінші Шапыраштыдан



Текенің ұлы Артық, алтыншы Қырғыздан Жантайдың ұлы
Тынәлі бар. Мұнан сырт үш шешенің баласынан үш кісі
болды.

Жоқтау шығару, ас беру, ат шабу, мүше беру. Осылар-
дың басқаруында болады десті.

ЖОҚТАУ

Бадшар, Мәлік ат қойып,
Екі дүние жаратты.
Күн сәулесінің нұрынан.
Жан тебіреніп жаралды,
Абыл, Батшар адамнан.
Алладан өкім келген соң,
Сапар шекті әкеміз
Опасы жоқ жалғаннан.

Інжіл түскен Исаға,
Тәурат түскен Мұсаға.
Құдіретпенен тіл берген
Қолындағы асаға.

Көрінбей кетті ағамыз,
Қайта келмес тасаға.
Жылағанмен пайда жоқ,
Орнында тұр алтын босаға.

Рас, пенде білмейді,
Алланың не жазарын.
Әлемнен қанша жан өткен,
Опасы жоқ жалғанның.



Тарихты алып тексерсең,
Дегеніне кім жеткізген.
Өлмей адам қалған жоқ,
Бұрынғы өткен тарихтан.
Ажал жетсе, жан шыққан,
Кеудедегі калыптан.
Білесің ғой, ағайын,
Торғайдан туған Темірді,
Алатаудың сұр тасын
Ақ басты құрт кемірді.
Отқа салса күймеген,
Суға салса батпаған
Қоныраттан шыққан Алпамыс
Токтатқан жоқ өлімді.

Жетісу деген жерімді
Талай жау кеп қоршаған.
Гүлстан болып аталған
Еділ, Жайық, Сырдария,
Аспандаған Алатау.
Хан тәңірді, Малайды
Тарбағатай Оралды,
Қазықұртқа қарайды.
Байарыс пен Жанарыс
Және де бар Бекарыс
Осы айтылған үш арыстан
Қазак болып тарайды.

Ахмет хан мен Құрият хан
Талай жаумен алыскан.
Хакназар сынды Әділ хан,



Абылай сынды Ерсұлтан
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Сырымбеттен Өтеген,
Шапыраштыдан Карасай,
Дулаттан шыққан Қабан менен Наурызбай,
Кіші жүзден Сырым даг пен Исатай,
Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен
Дұшпанға қысым көрсеткен.

Қаз дауысты Қазыбек,
Албаннан шыққан Райымбек,
Қара балуан Жәнібек
Жалғанда тумас ер еді,
Осы айтылған ерлердің
Артынан атам жөнелді.
Атаңнан дәулет кетпеген,
Қатарына адам жетпеген.
Ат жалын тартып мінгеннен,
Бок қара жиып қасына,
Қызыр орнап басына,
Басынан дәулет кетпеген.
Тағдырда жазу осындай,
Жоқ шығар бізді септеген.
Артықша туған ер скен
Өтегеннен тараған.
Топқа барып сөйлесе,
Аузына халық қараған.
Қысылып келген адамның
Қажетіне жараған,
Ерегіскен дұшпанға



Онын мыңға балаған,
Дүние, шіркін, бейопа,
Ешкімге опа қылмаған,
Тура келген ажалдан
Еш пенде мойын бұрмаған.
Бірде келіп, бірде кетіп
Дүние деген тынбаған,
Келерінде, дүние,
Жетпес биік таудайсың,
Кетерінде, дүние,
Шіріген бір наудайсың.
Келерінде, дүние,
Ақ үйге салған тұлғасың
Кетерінде, дүние,
Тұтқасы сынған құмғансың.
Келерінде, дүние,
Жарауда жорытқан дүлдүлсің,
Кетерінде, дүние,
Ұясын бұзған бүлбұлсын.
Келерінде, дүние,
Орытқып акқан бұлақсың,
Кетерінде, дүние,
Желсіз сөнген шырақсын.
Келерінде, дүние,
Таудан да зор биіксің,
Кетерінде, дүние,
Мергеннен қашқан киіксің,
Келерінде, дүние,
Жеміс ағаштай гүлдейсің,
Кетерінде, дүние,
Есіктен жетпейсің.



Келерінде, дүние,
Жиырма бестегі жастайсың,
Кетерінде, дүние,
Жидіген қара шаштайсың,
Келерінде, дүние,
Жазда гүлдеген терексің,
Кетерінде, дүние,
Түбі түскен шелексің,
Келерінде, дүние,
Арғымақ аттай ойнайсың,
Кетерінде, дүние,
Айналып ұшқан торғайсың.
Келерінде, дүние,
Қараңғы үйде шырақсың,
Кетерінде, дүние,
Қасқыр тартқан лаксын.
Келерінде, дүние,
Кесеге құйған балдайсың,
Кетерінде, дүние,
Көксау болған шалдайсың.
Келерінде, дүние,
Бұлтсыз тиген күндейсің,
Кетерінде, дүние,
Қайғылы қара түндейсің.
Келерінде, дүние,
Шешек атқан гүлдейсің,
Кетерінде, дүние,
Жақыныңды сүймейсің.
Келерінде, дүние,
Шытырман орман-тоғайсың,
Кетерінде, дүние,



Жыртылған тері шоқайсын.
Келерінде, дүние,
Қарлы таудың ұларысын.
Кетерінде, дүние,
Жаны шыққан жылансын.
Келерінде, дүние,
Сұлуын сүйген қыздайсын.
Кетерінде, дүние,
Күнге тиген тұздайсын.
Келерінде, дүние,
Жау кашырған ердейсін,
Кетерінде, дүние,
Ат жетпес асқар белдейсін.
Келерінде, дүние,
Жылма торы жорғасын,
Кетерінде, дүние,
Жыртылып қалған дорбасын.

Дүние шіркін, осындай,
Әкеміз өтті дүниеден ,
Қатамыз болса кешіңіз,
Айтылған сөзде күйкіден.
Молдалар Құран оқыңыз,
Ерлер менен батырға
Халқына кесірі тимеген.

Осы жоқтауды үйренуді алты қыз, үш келін жаттаса, бұған көңіл қойып өте құштар болып, өзінше жаттаған бала жасы он үштен он төртке жаңа толған Тілеміс еді (Есбол ұлы). Бұған ауылдан қатар өскен екі бала – біреуі – Тақыр, екіншісі – Әміре (кейін ақын болған) жаттап



алып, Әміре Күртік суаты, Керегетас, Есіктас деген жерлердің биігіне шығып алып ән салып, зар қағады. Мал бакқан койшы, жылқышы, түйеші бұлардың келгенін күтіп, өздерінің айран азығын ішіп, ауылда болып жатқан әңгімені осы үш бала қосып айтпаса, кемітпей айтып отырады. Бұлардан жастар мал өрісіне ермек етін, бір ауылдан бір ауыл естіп, халық аузына тарап кетеді. Сөйтіп үш судың құйғанынан тараған сөздер үш жүзге жетіп жатады.

Ел жайлауға шығып, Қарақыстактың күнбатыс айрығы Ағылатастың басынан қоныс алған ауылдың ортасында отырған Құтымның үйінің жанында отырған он екі канат ақ үйдің маңдай алдындағы төбе тастың түбінде отырған Айтбай молданың құлағы шыңылдап, басы айналып, үйге зорға жетті. Тілеміске күміс жақыланды көрсетіп, сактай, жаттай біл деді. Бес күн ауырып каза болды. Құтымның өлімінен кейін болмай, өзінің айтуынша, сүйегі Құтымның жанына қойылды.

Әрі ақылшы, әрі тарихшы өзінің сенімді серігі кеткен соң, жалғыз қалған қаздай Мораған бай әрі ашулы, әрі дүниеге көңілі тойғандай, қатал сөзді, тез ашуланшақ болып, мал, ағайын туралы айтылған сөзге көңіл қоймайтын болып алды. Ол өзінше күбірлеп «Келерінде, дүние, жарап тұрған дүлдүлсің. Кетерінде, дүние, ұясы бұзылған бұлбұлсын» деп отыратынын оған жақын адамдар әңгіме қылатын болды.

Сыпатай, Тыналы, Артық үшеуі Айтбайға бата оқуға келгенде, Құтымның, Айтбайдың асын бір беріп болып шабылған атқа шығарған қаражатқа келісті.

Жарты, Тоянбет, Мораған үш ененің баласынан: жүз түйе, үш жүз жылқы, үш мың елу қой, үш алтын жамбы,



бес күміс жамбы, отыз қасқыр ішік, отыз құлын ішік, отыз шайі шығаратын болды.

Асқа бес жүз үй тігіліп, сойысына бір мың бес жүз жылқы, бес мың қой, дастарқанға деп бес мың сом ақша шығаратын болды.

Қарашаның бірінен бастап бес күн асты өткізбекші болды.

Ат бәйгесіне мынадай бәйге тігілді:

1-атқа: алты жүз қой, жүз жылқы, он түйе, бір алтын жамбы.

2-атқа: бес жүз елу қой, жетпіс бес жылқы, тоғыз түйе, бір күміс жамбы.

3-атқа: бес жүз қой, жетпіс жылқы, сегіз түйе, бір жамбы.

4-атқа: төрт жүз жетпіс бес қой, алпыс жылқы, жеті түйе, бір жамбы.

5-атқа: төрт жүз елу қой, елу жылқы, алты түйе, бір жамбы.

6-атқа: төрт жүз жиырма бес қой, қырық жылқы, бес түйе, бір жамбы.

7-атқа: төрт жүз қой, отыз бес жылқы, төрт түйе, бір жамбы.

Осы тәртіппен жүз атқа бәйге берілді. Ас тарап болған соң, жегжаттан келген азалық мүліктер мен ақшаны есептегенде, үш шешенің балаларының шығарған малы мен қаражатынан асып кеткен. Мұның көбісі Жарты мен Тойманбетке түскен. Аздап қана Морағанға берілген. Мұның бәрін есептеп, санап отырған Үркінші мен Сатыбалды Морағанға айтып еді, сендерге жетпей жатыр ма деп ұрсып тастады. Осы сөзге өте ыза болған Үркінші ақырында жанжал шығарып, үш шешенің баласының бөлі-



нуіне себеп болды. Осыдан бастап аралары алыстап, Мораған қанша айтса да, тыңдата алмады. Мұның екі өкпелеріне су құюшы Алтынай әже болды (Морағанның әйелі). Бұған өте-мөте жел беріп көзі тоймаған Жайшыбекұлы Итен Жартымен ұрсып, Тайсары баласы Танаш Итенге қарсы шықты. Ауыл арасына іріткі түсті. Әрқайсысы бөліне қонып, ауыл арасы қашықтай бастады. Мұндай уақытта сырттан шалғалы жүрген Жанту, Қарашы, Сыланды балаларының атқамінерлері де Сырымбеттің өзі үшін де күндеушілері де көбейе бастады. Шағым тағы күшейді.

Таукұмда (Жаманкұмда)

Сарыүйсін Сатайдың жақсы түлек қаршығасы бар деп естідім. Тәжім (Бидас елі) Дәулеті жуан болған Тілеміспен түйдей жасты. Әсіресе, тойда өлең айтқанда, екеуінің дауысы бір кісінің дауысындай. Тілеміспен жасынан тілектес жолдас Тәжімге: «сол Сатайдың ауылына барып қаршығасын көрелік, біраз тамаша жасап келелік. Мені жібермейді. Сен Сатайды шақырып кел, егер келмесе, қаршығасын берсін», – деді Тілеміс. Тәжім барып Сатайды шақырып келіп, үшеуі бірігіп қардың жаңа сонарына қоян, кекілікке қаршыға салып жүрді. Қар аздап жауған түні құмда жатқан жылқышылардан хабар келді. Жылыбұлақтың аяғындағы топ-топ жылқы жайылған жерге Тәжім, Сатай, Тілеміс қаршыға салып жүрді. Өткен түні жылқыға ұры тиген. Қаражал Құла айғырдың өз үйірінен төрт бие жоқ және ақ шұнақ ат жоқ. Жасы сексеннің бесеуіне келсе де, бұрынғы ашуын аздап қойған Мораған бай бір топ



адаммен келе жатса, жаңа жауған кардың ізімен қырқалай шауып жүрген Тілеміс, Тәжім, Сатайды көреді. Мораған: «Анау не?» – деп сұрағанда,

– Ол Тілеміс, қоянның ізіне түсіп жүр, – дейді.

– Шақыр бері, оңбаған ант атқанды, – деді бай.

– Сен үшеуінді бай шақырып жатыр, тез жүріңдер, – деп Назарқұл аттың басын кейін бұрды.

Бай ұрса ма дегендей Тәжім мен Сатай екеуі түзге отырған боп қала берді. Бай Тілеміске: – Не қарап жүрсің? – деді – Бармақтай тышқанның ізіне түскенше, ізі ошақтай мынау жоқ жылқының ізін қу. Ізі алысқа кеткен, жүрісі сойқан, бұл шендегі адамдардан емес, – деді бай (Құтым ойына түсіп тұрып қалды).

Өзі ермек таба алмай жүрген Тілеміс, Тәжім, Сатайға бұл мақұл болды.

Ауылға барып киім киіп, Тілеміс өз астындағы кер бестіні Сатайға бермек болды. Кер бесті жауыр және біреу сүйінші сұраса не берер, кәне?

– Мінуге ат таба алмай жүрмісің?

Бас жақта жатқан бір түйюлі шүберекті бере салды. Байдың жанында отырған Есбол: «Маған бер шүберекті», – деді.

Сарыүйсін Сары қажының Баласы Сағит алған екі жүз сом ақшаны сол күні берген. Бай ақша танымайтын. Есбол бір жүз елу сомын өзі алып, елу сом ақшаны жолға шыққалы тұрған баласына берді. Үшеуіне екі кісі қосылып, бесеу болып жаңа қарға түскен ізбен тасқабақты басып, Шошқалыны сырттап Сарыкемерге жетті. Сол жерде ізден адасты. Жалайыр елінің болысы Жапарқұлдың үйіне конды. Соғымның етін қазанға сыйғанша салды. Қонақтар жай сөзін жаңа бастағанда, сырттан біреу «Кім



бар-ау, қонақпыз», – деді. Жапарқұл дереу далаға атып шықты. Сырттан тағы қонақ қосылды. Келген кісінің бас-көзін қырау басқан. Басқа киімін былай қойғанда, басында құндыздан бөркі бар, үйдегі отырғандарды менсінбегендей.

– Мынау меймандарың кім? – деді.

Жапарқұл: – Бұлар ар жақтағы Дулаттар, – деді.

– Қайсысы?

– Сырымбет Морағанбайдың балалары.

– О, жақсы атамның тұқымдары екен ғой, бай қандай, күйлі ме? Аман ба? – деп үсті-үстіне сұрау қойды.

Оның қойған сұрағына жауап қайтарып жатқан Тәжімге:

– Бұл келген кісі Әтейбек Қожбанбетұлы, Қожбанбет атақты би болған, Суан елінен.

– Балалар жоғалған малдардың қандай түр-түстері, ентаңбалары қандай?

– Қаражал Құла айғыр үш бие мен ақ бөрте ат, ақ шұнақ ат, – деп Назарқұл малдың түсі-түгін, ентаңбасын түгел атап өтті.

– О, ендеше, сүйінші, балалар, малдарың табылады, балалар! – деді.

Тәжім Тілеміске қарады, Тілеміс ым қақты. Тәжім жанына отыз сом шығарып Әтейбекке ұсынды. Әтейбек: «Бұларың коп», – деп жиырма сомын алып, он сомын қайырып берді. Атайбек бес сом алтынды сол үйдің әйеліне беріп, қалғанын үйдегі адамдарға үлестіріп, өзіне үш сом алып қалды да, басын жоғары көтеріп:

– Балалар, енді мынау, – деді, – Мен кеше Жәркеннен шығып Матайдың күнгеіндегі Жалайыр Балқалы руынан Бөлтек батырдың тұқымы Қожаған Бабайұлының үйіне кондым. Қаражал, Құла айғыр, ақ бөрте ат, бір-екі



биеі сойды. Айғыр мен аттың түсіне, еніне қарап, бұл Абак малы емес, Тарақ малы ғой деп ойлап ем, – деді Әтейбек.

Келесі күні ертесімен Сатай Жапбек екеуі сол жерден кейін қайтты. Тілеміс, Тәжім, Назарқұл үшеуі Жапарқұлдың ауылынан шығып, Матай тауының шығысындағы Алтынемел тауының бауырына, Қарашолақ тауының белесіне тіке тартты. Бірақ Ақтоғайдан өтіп, Кербұлақтың үстін басып, Малайсарының оңтүстігімен Шанхандағы елге қонбақ болып бір үлкен үйге (ақ үй) қарай тартқанда, екі жолдың айырығында тұрған бала:

– Ақ үйдің үзігін жеймісің, анау үлкен қара үйге барып қон, – деді. Ол үйге келсе, он екі қанат екен. Сөйтсе, ол үй Тезек төренің үйі екен. Тезек төре қаза болған. Жол үстінде бізді үйге жіберіп тұрған бала Тезек төренің немересі екен. Тезек төренің кіші қатыны Жаныс Баубек батырдың қызы екен (Баубек – Бекбатырдың әкесі, Бекбатыр – Сәттің әкесі).

Ертеңімен Тезектің ауылынан шығып, сәске түсте бұлақты сайдан жалғыз атты көз ұшына ілінді.

– Анау ақ бөрте ат құйрығынан от жанып барады, оңбайын, анық танып тұрмын. Екеуің бармасаң қой, – деп Назарқұл киіс кетіп бара жатқан бөртеңің жолын тосып шаба жөнелді.

Жолаушының киімі сондай жақсы, кербез, мұрты жаңа шыққан жігіт екен. Бұл үшеуі жөн сұраған жоқ, келе сала:

– Ұры, аттан түс, – деп ақырды. Ол біраз қарсыласқан болып еді, Назарқұл ақ бөрте аттан жұлып алып, анадай жерге лақтырып жіберді. Аттар бірін-бірі танып, адамнан бұрын амандасып-кісінесіп, иіскесіп жатыр. Олар жігіттің екі қолын байлап, ауылына қарай алып жүрді. Былай



шыққан соң қол-аяғын босатып, өзін жаяу айдап жүрді. Ауылға жақындағанда жігіт жылап жата кетті. Үлкен ақ үйден жанат ішік жамылған адам күннің сәулесіне қолын тосып бізге қарай қалды. Жігіт: «Мынау корлық кой», – деп жылай жүгірді. Ішік жамылған бір баканды ала сала Назарқұлды коздей ұмтылды. Тілеміс аттан қарғып түсіп, баканын жұлып алып, өзін баурай жөнелді.

Баканынан ажырап, Тілемістің тепкісінде жатқан адамға қарай ауылдың бала-шаға, қатын-қалашы қалмай жүгіріп келе жатты. Мұнан бұрын ауылына келіп ешкім төбелеспек түгіл, атынан қорқатын ауылдың – Қожаған ауылының басына бәле келгендей, шулап қоя берді.

Назарқұл мен Тәжім аттан түспей тұрғанда, ақ үйден біреу шыға келді. Үстінде кішірек камка шекпені бар. Ол дереу: – Токтандар! – деп ақырып жіберді.

Жауласқан ауыл адамдары өрге қарай жүгіріп бұларға жаңа жеткенде, мынау күшті өктем дауыстан ауыл адамдары тоқтап қалды. Сол кезде Тәжім, Назарқұл, Тілемістен Қожағанды ажыратты. Қожағанның желігі басылып, демала алмай қалды.

Бұл дауыс Оспанның дауысы еді.

Оспан Қожағанға: «Ауыл-көштің адамын сыртта адам ұрмас болар», – деді.

Оспан – Тіленші кажының баласы. Андас Жалайыр. Бұл жолы Қожағанның екпіні екі нәрседен басылып тұр:

1. Өмірінің ішінде мұндай адамдар: Албан, Суан, Садыр, Матай елінің адамдарының біреуі де бетіне қарамаған.

2. Ақсұр аттың сұры еді. Кешегі қонақ болған Әтейбектің жібергені мағлұм болып тұр. Абақ малы емес, Тарак малы дегені – Абақтың – Тарактың талайының ісі Қожағанның тақымына да кеткен.



Өзі Қожаған, оның әкесі Бабай, Оның Бөлтек батырдың аруағына жақсы атақ болмай, маскарасы шығатын іс. Оспанның ойбайы әлі басылған жоқ, ауыл иттері қалай ырылдасса, дәл солай, мынау келген үшеу осы ауылға келген қасқыр сияқты. Қожаған ауылының адамдары мұндай қорлыққа шыдамас та еді. Оспан болмағанда, бұл үшеуінің бәрін көк сойылға жықпақ, әрісі құнын бермек еді.

Оспан Тіленші қажының баласының «Сендер құрысыңдар» дегені бір күштің арттарында жатқаны мәлім болып тұр. Оспан «Екеуің жақсының тұқымысыңдар, жақсы шекіспей, кетіспес деген, дос боларсыңдар. Әлек болмаңдар. Қожаған, сен бұл балаларды танымасаң, Өтеген батырдың тұқымы, Мораған байдың балалары», – деді.


Мұнан соң ауылдың адамдары тыншып, Қожаған Оспанға: «Өзің біл ендігісін», – деп салды оңашада.

Тілеміс Қожағанды танымайтын, көрген жоқ, Оспанды екінші мәрте көрген. Оспан – Қожағанның жегжаты, ал Оспан Қосдәулет баласының біріне жегжат. Екеуін табыстырып, Оспан сол ауылда үш күн жатып, төртінші күні келген қонақтардың ауылына жүрмек болды. Оспан Тілемісті оңаша шығарып алып, бөлек сөйлесті.

– Тілеміс, сен есің бар баласың, бұл Қожаған болса жарамды жігіт. Өздерің сияқты аяулы атаның баласы. Жақсының көңілін сақта, қарағым. Ауылына келіп шулатып сабағандарың дұрыс емес. Оған кек сақтап отырған Қожаған жоқ. Жақсы адам кең болады ғой.

Оспанның күшімен жұмыс аяқталып қалды.

– Сіздердің малдарыңыздың мұнда келу себебі, – Сарыүйсін Жаманқұлдың қызы Кенжеқарға таққан күмісіне қарамай, басқа жаққа берген. Біздің малымыздың көзінің төлеуі жоқ па, біздің адамдар сол ауылдың өрісінен



алған. Сіздер мен біздің ауылдың арасында кек жоқ. Біздің жігіттердің өріс танымай, сіздің ауылдың малы солардың өрісінде болғандықтан, білмей алып калған. Тілеміс қарағым, жас та болсаң, ақыл-ойың жас емес, бітімін өзің кес, – деді.

Қожаған Оспан екеуі жаудырап отырып алды.

– Не алам десеңдер, өзің біл, үш биен сойылып кетті, – деді де, «Пышақ айыбы» деп бір жүз елу сомды Тілемістің алдына қойды.

Оспан мен Қожағанға бір қарап, Тілеміс ақшаның елу сомын өзіне қайырып беріп, жүз сомын алып Тәжімге берді.

– Өзіңнен басқа адам білмесін бұл жұмысты. Жақсы болсын, жаман болсын, ішінде болсын.

Қожаған көп ойланды. Өзінің іші білген бір ой бар. Осы өзін басып, белге соққан күшті аяқтап шығудың бір кезі келгенде Қожаған Тілеміске:

– Қайының бар ма, әйелің бар ма? – дегенде, Тілеміс:

– Әзір белгісі жоқ, – деген еді.

Қожаған өзін жеңген күшті «Асқанға тосқан» болған деген. Бұл жолы қандай бітім сұраса да, соны бермек. Өзінің үш әйелінің бірін сұраса да, бермек. Оспанға бұл сырын айтқан да жоқ. Қожағанның кіші әйелінің шашбауы сылдырап, үйге жаңа басқан палауды алып кірді. Қонақтар тамақтарын ішіп аттанды. Басқа атқамінердің бәрінің аузында жүрген сөздің жаңасы Қожаған ауылының әңгімесі болатын.

– Бұл мықты жер ғой, кем дегенде бір қыздың қалың-малы шығын болар, – деген ой бар еді.

Бір бие, бір айғыр, екі ат алып келген үш жігіт Матай тауының күн батыс түстігіне қарай жүріп кетті.



Елде «Мен жақсы кісі» дегеннің біразы сөзге кіріспек болған. Бірсыпырасы сөз іздеген, бірсыпырасы тамақ іздеген адамдар ұлы даудың табан астында жоғалып кеткеніне өкініп, «Қожағанға кім шақ келеді, келгендері бала екен, алдап жіберіпті» деген сөзді шулатты. Бірсыпырасы «Қолынан хат-қағаз беріпті, Оспанды кепіл қылып бітім кейінге қалыпты» десті.

Түлкіліден шығып, Матайды басып жолға шыққан Қожаған өзі Матай тауының басына шығып, Қалиға баратын жолын көрсетіп, не болса да кіші бесінде Бекмұхамбеттің ауылына жете қонақ болатындай етіп шығарып салды. Қош айтып, «дос болып» ақыл берді.

Қожаған Тілемісті жас жігіт, талабы зор, талабынан ерлік батырлығы күшті, ақылды, шешен, талантты жігіт деп ойлады.

Қыстың күні қатты жүргеннен кіші бесінде адам да, ата босаған кезде ауыл шетіне ілікті.

Қанапияның ауылында

Күн кіші бесін болғанда, жаргас қораның жанында көп ауыл көрінді. Дөнестеу жаргас төбенің күншуағында бір-екі кісі отыр. Тілеміс, Назарқұл, Тәжімдер сәлем беріп қолдарын алды. Аттан түспейтін еді, отырған адамдардың біреуі басында сәлдесі бар молда екен. Екіншісі киімінен көрініп тұр, сиыршы руының биі болған Бекмұхаммет деген осы екен.

– Балалар қайдан келесіңдер?

– Қожаған ауылынан.

Асан молда Бекмұхамметке жалт қарады да:



– Дулатсындар ма? – деді.

– Иә.

– Мынау жетектерің не?

– Бұл — Сарыүйсін Жаманқұл ауылының адамдары са-
тып жіберген біздің ауылдың малдары. Соны танып алып
келеміз, – деді Тәжім.

Асан молданың қабағы бір түрлі түйіліп жаман болып
кетті.

– Жаксы, Қожағанның ақшасын төлеп алдыңдар ма? –
деді.

Бекмұхамет: – Сөз кейінге қалды. Оспан кепіл болып,
бар малдың көзін алдық, – деді.

Асан молда ішінен: «Мынау бір жұмбақ түс жаңа тү-
зелді, аяғы бар екен», – деп ойлады.


Бекмұханбет: «Болар бала ғой, кейінге қалдырған Ос-
пан ғой. Ал намаздыгер болып қалды. Ал, балалар, бұл
ауыл – біздің ауыл, менің атым – Бекмаханбет, мынау кісі
– Асан молда деген кісі. Енді кештетіп қайда барасындар,
қонындар», – деді.

Назарқұл: «Қоналық, кісінің малы қиналып қалды», –
деді.

Ойдағы төрт-бес үйдің жанында тұрған төбесін тактай-
мен жапқан ағаш үйге тура келді. Қонақтар жақындап
келгенде, екі мама ағаштарға керген арқанның жанында
бір жігіт тұр екен, амандасты. Ақжал сұр да, екі көзі Тә-
жім мінген кер бестіде. Ер тұрмандары мен киімдері Абак
елінің адамы емес.

Бекмұханбет:

– Мынау балаларды үлкен үйге апар, – деп әлгі жігіт-
ке бұйырды. Келген үш кісі мен ауыл жігіті үлкен үйдің
ортаңғы есігіне қарай жүрді. Екі жакка ашылған есіктен



кіргеннен-ақ, оюлаған сырмақ, қызыл-жасыл ою, үйдің іші толған жасау, сол жақта оюлаған мүйіз салған ағаш кереует. Сол жақта күміс кереует, неше түрлі кесте тігілген шымылдық, күміс кереуеттің бас жағында дөңгелек үстел, бірнеше кітап, үкілі домбыра. Төрдің алдында жатқан кара текеметтің үстінде кілем, оның үстіне шай атлас көрпе төселген. Үйге кірген үш жігітке:

– Балалар, жоғары шығындар, – деді жасы елулерге келген әйел орнынан тұрып. Темір пештің ар жағында отырған, басында құндыз бөркі бар он алты-он жеті жастар шамасындағы бойшандау келген қыз да орнынан тұрып, акқұба өнін қызартып, ботаның көзіндей жанары мен бұзаудың кірпігіндей кірпігін екі қағып теріс қарап, қолындағы жібегін орай, ұзын шапшына ілулі тұрған құндыз бөркін киіп, мойнындағы алқасының алтынын жарқыратып басқан аяғының мәсісінен шытыраған дауыс үйді жаңғыртты. Кестелі шолок күміс камзолға жасыл пүліштен жасаған ұзын жең бешпетін бастыра киіп, далаға шығып кетті. Есіктен шығар алдында жаңа келгендерге бір қарап, жалт етіп шығып кетті. Қыз шыққанда, үйге кірген жас әйелге үйде отырған әйел: – Мынау балаларға шай алып кел, – деп бұйырды.

Назарқұл мен Тәжім онша ойда болған жоқ. Тілеміске қараса, бір қатты ойға түсіп кетіпті. Жанағы үйден кеткен қыз қайта кірер ме екен, кімнің қызы екен, қайыны бар ма, болса құдасы қай жер екен? Тілемісті ойға батырған осылар еді. Екі көзі есікте. Мінез-құлқы, ойы, ақыл-парасаты, киген киіміне лайық болса, дене құрылысы өң-түсі келген адам...

Терең ой түбіне шомылып отырған Тілеміс үй ішіндегілердің не сөйлеп отырғанына түсінбеді. Үйдегі әйел-



дің сұрағына жауап қайырып отырған Тәжім еді. Назаркүл мұндай дүниені талай көріп жүр. Ол: «Осы қыз қалай?» – деп көзін Тілеміске салса, ол да Тілемістің қалың ой ішінде отырғанын байқап қалды. Тәжімнің ойынша, Моржанның жасауы бұл үйден аспаса, кем емес. Қыз формасы басқа, егер ақылы сай келсе...


Тілемістің көзі есікте, есік ашылғанда, қуанған жүрек селк ете түскендей болды. Үйге басында қарқарадай сәл-десі бар Асан молда мен қасында екі кісісі бар Бекмұхамет кіріп келді. Тілеміс, Тәжім – бәрі де орнынан тұрды. Бекмахан: «Орындарыңызда отыра беріңіздер», – деп еді, Тілемістер далаға қарай жөнелді. Тілеміс ауыз үйде бір нәрсеге кезіккендей болды. Жаңағы жігіт бір самауырды алып келді. Төргі үйге бір поднос шайнек, дастарқан көтерген жас келін жігіттің жанында есік ашып үйге кірді. Бағанағы қыз жоқ, қай есікке кіріп, қайда кетті. Түзге отырған болып, қораның артына барып қайта келе жатқанда:

– Жаңа аттан түскенде, түзге отырған сияқты еді, мына жігіт сүзек ауруынан тұрды ма? – деген әйел дауысымен қоса, қора жақтан әйелдер дауыстары естілді. Тілеміс ұялғаннан үйге кіріп, орнына отыра қалды.

Шай құйған жас келіннің көзі қап-қара, күннің суығынан ба, бетінің ұшы қып-қызыл, сүйегі сұлу, жасы он сегіз-он тоғыз шамасында. Үйде отырған әйел келініне:

– Сен барып тамақ сал, Қанаш қайда, шайды сол құйсын, – деді.

Жігіт пен жас келін далаға шығып кетті. Бағанағы қыз басында құндыз бөркі жоқ, басқа киімі сол қалпында үйге кіріп шай құя бастады. Шай ішіп болып қалғанда, Асан молда: «Бүгін жұма, Құран оқу керек», – деді де, «ясиннің» басынан түсіп аяғына шейін зулата қирақаттап болғанда,



отырған адамдар колдарын көтеріп, алақандарын жайып, беттерін сипады. Тілемістің көзі Қанапияға түсіп кетті, қабақ қағып қалды. Қыз күліп жібере жаздап, аман қалды. Мұны байқаған жалғыз Тәжім ғана еді. Басқасы сезбей, оқыған Құранға ұйып, қыбыр етпей сілейіп отырды. «Әмин» деп оқуын бітіргенде, Назарқұл молдаға бір түрлі наразы бейнемен қарады. Ол ішінен: «Мұның дүниесінен Морағанбайдікі екі есе мол, малы он есе мол. Бір жақсы жері – молданы керек қылмайды. Бай бүйтіп ондайға-мұндайға шыдамас еді», – деп ойлады. Шай ішіп болған молда:

– Балалар, аттарың (есімдерің) кім? Кімнің баласысыңдар? – деді. Тәжім:

– Мынау – Тілеміс Есболұлы Сырымбет – Қасқарау, – деді.

– А, Қасқарау деген атасы жоқ, бұл қалай? – дегенде, Тәжім тоқталып қалды. Сол кезде Тілеміс:

– Жаныстың бірінші әйелінен үш баласы бар екен: Жанту, Жантан, Жарылқамыс. Сол Жарылқамыстың Бәйімбет, Жәлімбет деген екі баласы болған екен. Бәйімбеттен үш ұл болған. Біріншісі – Ораз, екіншісі – Бұққар, үшіншісі – Елтүзер деген, үшеуі қасқыр қуып жүргенде, Елтүзер бұрын жетіп ұрып алып отырса, Ораз барып жанында тұрғанда, Бұққар келіп қасқырдың тілін кесіп алыпты. Олар үйіне қайтқанда, анау екеуі бұрын келін: «Біз ұрып алдық» десе, Бұққар артынан келіп:

– Мен ұрдым, бұл екеуі жала қылып отыр, – деп қасқырдың тілін көрсетіпті.

Жиналған ел бұлардың қайсысына сенерін білмегенде, анау екеуі: «Мынау қасқа – қарау», – депті. Содан ағамыз Бәйімбет Бұққардың атын Қасқарау деп күліпті. Сонан бұл сөз ел атына айналып, Қасқарау болып кетіпті.



– А, естуім бар – деп қоштады Асан молда. Қанапия сөзге араласып:

– Сіздің аталарыңыз туралықты сүймеген адам екен, – деді. Тілеміс:

– Сіз де бізден алыс кететін көрінбейсіз ғой, – деді. Қанапия бір түрлі сүле болып, өні бұзыла түсті. Асан:

– Бұлар Сырымбет, Қанаштың қайыны, Жайілміс екеуі қыз алысады, – деді. Назаркүл:

– Жайілмістің қайсысы? – деді. Асан молда:

– Толыбектің баласы Асылбек – деді. Тәжім:

– Бұл кісі бізге кішкентай құдағи болайын деп отыр, – деді. Қанапияның түсі бұзылып, бетінің қаны тұла бойына жайылып, көзі кішірейіп, ұзын кірпігі қатпарланып, қатты-қатты жабылып, үйдегілерге бір қарады да:

– Мен қайын-құда тауып бер дегенім жоқ, шатыма, – деді.

Осы үйден алғаш көрген әйел Бекмұхаметтің әйелі Күлайша:

– Жә, ұялмай-ақ кой, «қыр болса– төбе де болады деген», – деді. Қанапия оған бір қарап, бір нәрсе айтайын дегендей басылды. Тілемістің екі көзі сол уақытта Қанапияда еді. Асан молда: «Сіздерге не жегжат», – деді. Тілеміс:

Біздің туысымыздың қызы Мостаба дегенді алған, Солтыбектің баласы Ыдырыс және Есімнің қызы Моржан деген әкпемізді алды. Асан молда Тілеміске қарап:

– Жақын жегжат екенсіздер. Ал байдың қанша малы бар қазір? – деді. Назаркүл:

– Өз басының төрт-бес топ қарасы, – деді. Көптен сөзге қосылмай отырған Сары:

– Үйірі ме, әлде жалпы саны ма? – деді анықтап. Бекмұхамет:



– Дулаттар топ, қос деп бір мыңды айтады, – деді. Бұл кезде Қанапия далаға шығып кетін еді.

Үстінде қыл қарадан бешпеті бар, басында сусар бөркі бар, аяғында көкпар етігі бар жастау жігіт үйге кіріп келді. Бұл келген жігіт Бекмұхаметтің кіші баласы Тұрлыбай деген еді. Үйдегілерге тегіс сәлем беріп, амандық айтып отырғанда, қолында домбырасы бар тағы да бір жас жігіт келді.

– Е, сен, немене, мынау қонақтарға өлең айтып берейін дедің бе? Білсең, әрине, айтарсың, білмесең, бері әкел домбыраны, – деді. Домбыраны алып, біраз әуен, күй тартып отырды.

– Анау күнгі Елеместің тойындағы Саржан мен Қанапияның өленінен басқасы жай бір нәрсе болып қалды, – деді Сары. Сонда Саржанның айтқаны:

Әкең сені берді жаныс жакка,
Маса жесін дегені ме камыс жакка.
Намысқой ел ардақты, бағланды-ақ,
Неге бермек Асылбек ақымакка, – дегенде,
Қанапияның айтқаны:
Саржан-ау, сенен өткен надан емес,
Сен сияқты ит туар адам емес.
Көре алмаған көп дұшпан өсектейді,
Жігіттерінен Андаттын жаман емес.
– Мұндай шайтани сөз дұрыс болмас, –

деп Бекмұхамет те жактырмай қалды.

Сары жай әуен күйге тартып отырды. Асан молда Құтпан намазын оқуға кірісті. Сары, Бекмұхамет намазға тұрғанда, Назарқұл, Тәжім, Тілемістер үйден шығып кетті. Домбыра ұстап келген екі жігіт қоса далаға шықты.

Үш жігіт қайта кіргенде, намаз да оқылып болған екен. Біраз отырған соң Сары:



– Молдеке, біз кеше біраз сөзге талас болдық. Біздің ағамыз қайдан шыққан? Сіздің айтқаныңызды Қасан молда дұрыс емес деді, сіз біздің ағамыз Сақа ханнан шықты деп едіңіз, Хасан: «біз араб емеспіз, түрік ағамыз, оның баласы Тотын» деді. Және бірнеше атадан құралған деп айтты. Бізге толық түсінік үшін аздап болса да тура жерінен жазып алсақ болар еді, – деп Бекмұхаметке қарады.

– Дұрыс – деді ол.

Асан молда қоразданып тамағын қырнап, бірнеше дұғасын айтып: «Бірінші хазірет адам, екінші хазірет – Нұқ, бұл кісіден үш бала болған: Хам, Сам, үшінші Яппас. Хам 37 тілде сөйлейді, Сам 19 тілде сөйлейді, Яппаз 16 тілде сөйлейді. Барлығы жетпіс екі ұлт болып таралады. «Бұл Яппаздың үш баласы болды, бірінші Ақнұр, екіншісі – Адкене, үшінші – Қабылай). Бұлар һәм канша руға (ұрықтарға) тарайды. Міне, осы кейінгі айтылғандардан біздің аталарымыз түрік тарайды. Бұдан сексен екі жаһан ру тарайды. Осы көрсетіштерден біздің он сан Орманбет болып, бүгінгі күнде он сан Ноғай аталады». Мұнан соң казактың тізімін, қуатын, ата қуалау шежіресін біраз айтып тоқтағанда, Бекмұхамет те мақтанып қалды. Мақтанғаны сол: – Балалар, жазып алыңдар, – деп соқты.

Таурат, забур, інжіл, борқан (Құран) аяттарынан алынған, қатта кітаптарынан алынған, Мекаи (Мекке), Бақдат, Боққараи Шәріп, Сінән откен бұл кісінің сөзіне ешкім шәк дей алмайды.

Тәжім қойнына қолын салып:

– Молдеке, маған рұқсат болса, қайталай айтып берсеңіз, – дегенде, Молда сол жақтағы Бекмұхаметке қарады. Бекмұхамет төсектің аяқ жағында отырған Қанапия қызға қарады. Тілемістің екі көзі сол қызда болатын. Бекмұхамет:

– Қарағым Қанаш, мына балаларға жазғандарың болса



айтып, үйретіп бер, жазып алсын, – деді. Қыз қызарыңқырап барып:

– Ол кісілерге керек болса, табылар, – деді.

Бұрын жазғандары бар еді. Қыздың ойы соны беріп құтылу еді.

Тілемістің Шағатай елінің Төрел болысының қызын алғанына, ол әйел болғанына бір жылдай болды. Қыз жақпай жүрген. Жұпар десе, жұпар еді, ондай әйел табылмас, табылса да ондай болмас. Мына қыздың сыр мінезі, түсі Тілеміске ұнап отыр. Дәл сол кезде Тілеміске бір ой сап ете түсті, себебі манағы Саржанның айтқан өлені есіне түсіп, оған қыздың айтқанын ішінен қайталап, өз ойымен әуре болып отырған Тілеміс үй ішінің не айтып отырғанын есіткен де жоқ. Тәжім Тілемісті түртін қалды. Қараса, қыз жанындағы сандықтың ішінен бір кітапты алып оқыды да:

– Бұл кісілерге мынау да жетер, – деді. Бір бөлек қағазды ұстап, дөнгелек үстелге қалам, сияны қойып:

– Мынаны көшіріп алсын, – деді.


Молда: – Шулай, шулай, – деп қоштады.

Тәжім орнынан тұрған жоқ, қолындағы қағаз-қарындашты Тілеміске ұстата берді. Тілеміс тез тұрып үстелдің жанына барып отырды да, қызға бір қарап еді, қыз жымия төмен қарады. Отыра беріп Тілеміс мынаны жазды қызға:

Ауылдан мен шығып ем күннің жұмасына,
Көзіңнің көзім түсті қиғашына.
Құдайым айдап келіп душар етті.
Іздегенім табылып,
Отырмын лайық деп өз басыма.

Түрегеп тұрған Қанапия жазып жатқан сөзді көріп, оған үндемей:

– Мынадан мынау жерге шейін, – деді де, кітаптың ішін-



дегі екі парақ қағазды тастап, қалғанын жақыланға салып, өзі далаға шығып кетті.

Тілеміс асығыс жазып алған болып, қыз жанында отырмаған соң, үнсіз отыра берді. Қыз берген қағаздың ақ жері бар екен, соған Тілеміс тағы мына сөзді жазды:

Сен қыз неге кеттің үйден қашып,
Мен емес албасты қалатұғын сені басып.
Көзіне көрінбей ме Асылбектей,
Барар жерің белгілі – құтылмассың менен қашып.

Осыны жазғанда қолында құмғаны, орамалы, кіршісі бар жігіт үйге кірді. Тілеміс қағазды бөлектеп дайындалды. Бекмұхамет:

– Жазып болдың ба? – деді. Тілеміс:

– Жазып болдым, – деп төс қалтасына салды. Бір қолында қыздың қағазы бар еді. Оны қыздың өзі келіп алды. Қыз көзінің киығын салып қарады да, жаңағы жазған екі парақ қағаздың ашық жеріне жазғанын оқып шығып ішінен: «Мынау өзі қалай, қолына қағаз тисе өлең жазады, оны ойлап қарап тұрар уақыт жоқ», – дегендей жақыланға салып кілтін жауып қойды.

Тілеміс: – Жазғанымды осы қыз көрмей қалды-ау, – деген ойда болып: «Қап сені... Онаша болар ма еді, бекер істеген екенмін, басқы өлеңді несіне жаздым екен».

– Анау жақыланға апарып салған кітаптың ішінде талай өлең сөздер бар-ау. Мұның хат танығаны жақсы болды, бірақ хат танығанынан не пайда, жазғанына қарамай қойды-ау. Көрмесе басқа қағазды неге тықты? Алғашқыны көрді, артқыны көрген жоқ, қап екеуін де көрген жоқ шығар, – деп ойы сан-саққа кетті.

Қолға су құйылып дастарқан жайылып, басқа сөзден тегіс ажырап, ет жеуге кірісті. Қол жуғанда, Тәжім екеуін көрді де сыбырлады. Қыз екі жігітке жымия қарап тұр-



ғанын көрді. Айналдырған тоғыз адамға үш табақ ет келді. Қазы-қарта, үйткен қойдың еті араласқан. Назарқұл, Тәжім, Тілеміс – бір табақ, Нұрлыбай, Қанапия, Сәнді – бір табақ, Сары, Асан молда Бекмұхамет – бір табақ. Ет турауға бәрі кірісті. Сары майдалай турады, бір табақты Қанапия турауға бір табақты турау үшін Назарқұл кірісті. Үш қонақ жай отыр. Еттің бәрін қолына уыстап алған Назарқұл пышақты жорғалата бастағанда, ет табаққа ұндай болып топ-тобымен түсіп жатты. Бекмұхамет, Асан молда одан көздерін алмай қарап қалыпты. Қанапия да қайран қалды Назарқұлдың турағанына. Оған ырза болған Бекмұхамет: «Жарайсың батырым», – деді. Үй іші жөнді сезбеген. Сары:

– О, о, қалай жылдам? – деп және сонша майдасына таңғалды. Назарқұлдың қолындағы бәкіге бір қарап, Назарқұлға бір қарап отырғанда, үй ішіндегі адамдар күліп жіберді.

Ет желініп болды, үйдегілер тарай бастады. Асан молда, Бекмұхамет, Сары үшеуі далаға шыққан қалпында жатар орындарына кетті. Бекмұхамет тоқалының үйіне кетті. Назарқұл, Тәжім екеуі аттардың ер-тоқымын алып отқа қойысты;

– Аттар ыстық емес пе? – деді Тәжім. Назарқұл:

– Бұл аттардың көргені осы деймісің, жаман құмнан тау қоса жеткенше, талай рет қасқыр соққан жануарлар емес пе? Өткен жылы мен осы Ақжал сұрыммен бір күнде үш қасқыр соқтым. Жануар малдың қасиеттісі. Қасқыр көргенде өзінше екіленіп жүгіреді, – дегенде, Тәжім:

– Сіздердің аттардан ба, әлде жігіттерден бе, сіздің ауылға барған қасқырдың ажалы жетіп тұрады, – деп еді.

– Мынау аттың бір танауын қасқыр жұлып алды. Дәу, төбет қасқыр екен. Мен жақындап келе бергенде қарсы қарап жата қалды. Мен сойылымды көтергенше, ат тұра



үстінен бастыра жөнелгенде, қасқыр қарғып тұрып атқа жармаса кетті. Қасқырдың басына ат екі алдыңғы тұяқпен мойын түптен ұрғанда, қасқыр аттың үстіңгі ернін жұлып әкетті. Мен де ұруға аттың басын бұрып, сойылмен иегінің астынан қаға көтере ұрғанда, қасқыр құлап түсті. Сойып қарасак, аттың тұяғы мойынын жұлып кеткен екен, – деді Назарқұл.

Тәжім Назарқұлдың қасқыр қуғанда, көкпар тартқанда ала қашпа, жел өкпе екенін бұрыннан білетін.

Назарқұл мен Тәжім қайтадан үйге келсе, Тілеміс жатып қалыпты. Бұлар да жатуға ыңғайланғанда, бұрынырақ далаға шығып кеткен, ел жатқанша жоқ болып кеткен Нұрлыбай:

– Қонақтар жатып қалыпты, шай ішіп жатпады ма...

– Апа, сіз бүгін неге шай кой деп айтпағансыз? – деді Кұлайшаға.

– Шайдың керегі не, рахмет, өзімізді әбден ат соғып, суық ұрған көрінеді. Аздап демалайық, – деді Тәжім.

Нұрлыбай қолындағы домбыраны біраз тартып тұрғанда, сырттан сәнді бала – Қанапия кіріп келді. Қолында мыс құмғаны бар Кұлайша келіп:

– Сен екеуіңе бір нәрсе болған ба? Мынау қонақтарға ет артынан шай бермей жатқызғандарың қалай, – деді.

– Менің төсегімді салмай, сендерді біреу шақырып тұра ма осы, отауға барып жоғалып кеткен соң, артынан барсам, домбыраны қолына алып өздерінше тойды жасап жатыр, – деді Нұрлыбай.

– Бәсе, бұлар сүйтеді, – деді Кұлайша. – Күзенбай болмаған соң, үйін басына көтеріп жын-ойнақ жасағандарын қарашы.

– Е-е, Күзенбай болғанда не істемек? Өзінің жоқ болғанынан бар болғаны жақсы еді-ау. Мынау қонақтар қонақкәдесін айтпай жата қалғанын қарашы, – деді Қанапия.



– Сәнді бала, саған не жоқ, төсекті тегіс салмай кетіп қалғаның не, мынау жігіт басым ауырып тұр деген соң, сол кісінің жайын салғам. Мынау қыз болмай ертіп кетті.

– Біз қонақкәде дегенді білмейміз, басқа кәде болмаса, – деді Тәжім.

– Басқа кәдені қайдан білесіз, қонақкәдені білмейтін болсаңыз, – деп қадалды Қанапия. Сол кезде Тәжім:

– Баскасы ма, өзіміз де қонақ болған соң білер ме едік, білмес пе едік. Оған өзіңіздің қыдырғаннан қолыңыз тимей, басқа тамашаңыз тағы қосымша болған шығар, бізге тыныштық бергеніңіз жақсы болар еді.

– Дәл мезгілі жана болды. Меймандар қонақ болған соң, кәдесіз болмайды. Егер қонақкәдесін айта алмасаңыз, далада қардың бар екенін көрдіңіз ғой, ол онша қымбатқа тұрмайды, онан да сыйлы қонақтық парызыңызды өтеген жақсы, – деп қалжыңдады Қанапия.

Нұрлыбай далаға шыққанда, бір жас әйел кіріп келді:

– Еркем, жаңағы қайда? – деді. Бұл келген Күзенбайдың кіші әйелі Дәмеш болатын. Қанапияның ең жақсы көретін жеңгесі еді.

– Асықпа, қонақтар шешен көрінеді, – деді Қанапия.

– Шешен болса, ақын шығар, – деді Дәмеш.

Бұл кезде Тәжім шешініп болып, Назаркүл жаңа шешініп жатқан болатын, Қанапия:

– Мына домбыраны алып қонақкәдесін айтыңыз, мынау Дәмеш сізге карап тұрған жоқ па? – деді.

Назаркүл: – Әуелі қонақ иесі айтар болар – сіз айтыңыз, содан кейін көрелік, – деді.

– Еркем, айтып жіберші, қонақтардың меселі қайтпасын, – деді Дәмеш.

Күлайша намазын оқып болып:

– Ой, мазаң кеткір, мынау сайтан қайдан келді? – деп еді. Дәмеш:



– Апа, жата бер, менің түнде жортатын өзімнің кәдем, – деді. Тілеміс мырс етіп күліп жіберді. Назаркұл:

– Түнде жүргеніңіз жақсы екен.

– Жолдас болайын деп пе едіңіз? – деді Дәмеш.

Назаркұл:

– Мен жолдастықтан қашпаймын, – деді.

– Әуелі қонақкәдесін айтыңыз, сонан соң жүреміз, – деді Дәмеш. Қанапия:

– Бұл кісі түнде жүретін болды, сонда айтар. Мынау жаны тыныш мырзалар айтсын, – деді.

Назаркұл домбыраны қолына алып:

– Маған бердін, Дәмеш-ау, домбыраны,

Жаман тегін жондырады!

Қарын дайын далада көріп тұрмын,

Бір ауыз сөзге деп пе ең болдырады, –

деп Тәжімге ұсынып, «Мен құтылдым» деді.

– Ой, мен білмеймін, бәрін сен айтып бізді құтқар, ақыры түнімен жол жүретін болдың ғой, – деді Тәжім. Сол кезде даладан Нұрлыбай кіріп келіп:

– Е, қонақтарға қонақкәдесін айтқызып жатырсындар ма? – деп көтермелеп қойды.

– Мен еш нәрсе білмеймін, қалай айтам, Назаркұл түнімен жүреді, бәрін осы айтып береді, – деді Тәжім.

– Қой, шырақ, қой, жаның тыныш жататын сен айт, – деп қадала түсті Қанапия. – Болмаса, сіз жүресіз түнімен, – деді тағы Қанапия.

Тәжім амалы жоқ домбыраны қолына алып, құлағын бұрап, тиегін ортасына келтіріп, әуен күйге дайындап, екі көзін Дәмештен алмай, сол үйдің ішіндегі адамдардың формаларын мақтап, өлең айтып шығып:

– Енді мен де құтылдым, – деп домбыраны ұсынып жатып, Тілемісті қозғап қойды. Қанапия домбыраны қолына алып, бір шетте жатқан Тілеміске:



– Сіздің кезегіңіз, басты көтерің, мынау азаматтарша қонақтық және жігіттік міндетіңізден құтылғаныңыз жақсы, манап жігіт, – деп көрпені көтеріп, жақындап жанын қоймады.

– Жігітім, сонша тез жата қалып, тез шыға қалып, мұнша шыдамсыз болмасаң қайтер едің? Келгенде сол қызды іздеп шыққаны, қораның ішінде тұрып күлгені енді ойына түсіп, басын көтеріп:

– Мен өлең білмеймін, менің жанымдағы жолдасым мынау Тәжім ақын, сол айтып береді, – деді. Қанапия:

– Тәжім жолдасың, жаныңдай жақсы көресің, соның өзінің әділ ісіне көнесің, сол үшін айтып бересің. Егер өзің айтпасаң, далаға шыққанда көресің, – деп жабысты. Ақыр болмайтын болған соң, Тілеміс домбыраны қолына алып біраз айтып еді. Төсекте жатқан Күлайша:

– Ой, шырағым, өзің ақын боларсың, айтқаның жақсы, – деп шын көңілденді.

– Бәйбіше, мен ақын емеспін, мынау Тәжімнен үйреніп жүрмін, сол үйренгендерімді айтып жүрмін, – деді.

Жастар ентелей бастады. Бұл кезде Дәмеш, Қанапия бір түрлі бой токтатып қалғандай еді. Күлайша басын көтеріп:

– Қарағым, өлең үйренуден пайда болса, домбыра тарту да, домбыраға қосылу да оңай емес. Тағы бір ауыз жақсы өлең айтшы, – деді. Жастар жағы шулап, «Айтыңыз, айтыңыз» деп қошемет көрсетті. Тілеміс бұлардан тез құтылайын деп ел аузында жүрген бір өлеңді айтып «Үйреншік екеуің деп айтсын» деп, әрі Күлайшаға жағары да осы ғой деп:

Бір тамшы жалқық судан сүйек қыпты,
Адамның жан тынышын жүрек қыпты.
Буыннан жиырма төрт жиыстырып,
Біреуіне-біреуін тиек қыпты.



Жаратты топырактан денемізді,
Денеде асыл қылды көрер көзді.
Тамырдан алпыс екі қан таратып,
Тілге кеп бұйрық қыпты сөйлер сөзді.

– Ой, рахмет қарағым, өлең деген осындай болса, жігіттің гүлі өлең, өзің сірә, акын боларсың. Қой жетер. Қонақтарға рахмет. Жақсы ауылдың адамының сөздері де жақсы. Бала болса да жастық сөзі жоқ, – деді Күлайша.

Күлайшаның бұйрығы бойынша Дәмеш, Қанапия, құда бала, Нұрлыбай бәрі далаға шығып кетті.

Тілеміс көп уақыт ұйықтамай жатты. Шам өшпей тұр. Тәжім, Назарқұл, Күлайша ұйықтап қалды. Бір уақытта Қанапия келіп, Күлайшаның бас жағындағы күміс керуетке шымылдықты түсіріп, шамды өшіріп жатты. Тілеміс біраз ақырын Қанапияның жанына бармақ болып еді, Қанапия біле қойып «Өк, өк» деді. Тілеміс қатты ыза болып, тіпті ұйқыны қойды. Қанапия керуеттен бір қолын шығарып жатыр еді, ақырын ғана қолына қолын тигізе бергенде, күміс сақина қолына тарс ете түсті. Өте ыза болған Тілеміс енді тыныш жатып ойға батып, ақыры ұйықтап кетті.

Қонақтар таң ата аттарын көріп далаға шыққанда, Тілеміс ұйықтап жатты, Қанапия да ұйықтап жатты. Назарқұл, Тәжім аттардың терін үгіп, қонақтар түнеп шыққан үйге разы болып, жол жүрген семіз аттар жем-шөпке тойғанына риза болды.

Бір ботаның дауысына қосылып жай әнмен боздап тұрған бозша інгеннің ботасын үйден шығарып, Дәмеш түйені сауып жатыр. Шатырлап салған қораның күн шығысына қойған бір ат, төрт қой тағы наурыз көкек айының қосымша соғымы болу керек. Тоқалдың үйінен шыққан Бекмұхамет аяндап атты көріп тұрған Назарқұл мен Тәжімнің жанына келіп амандасты да, Күлайшаның үйіне



кетті. Шай құйып отырған Қанапияға Тілеміс бір карап алып, түсін суытты. Қанапия бір нәрсе айтайын деп еді, шайдан қолы босамады. Адамдар тегіс шынысын қолына алғанда, Тілеміс шайді аузына тигізе беріп ауыр күрсініп «У-уф-уф» деп шайді жерге қойып, қисайып жата кетті, бетін жерге қаратты. Үй ішіндегі отырған адамдар шошып кетіп, «Не, не болды» десті. Тілеміс түкірігін бетіне жағып, ақырын басын көтеріп:

– Түнде мына құдашаны оятам деп, ауызымнан теуіп жіберген еді. Тісім босап қалыпты, жаным шығып барды, – деп қайта жата кетті. Назарқұл, Күлайша күліп жіберді. Тәжім күлмей бедірейіп, жаны ашыған болып Қанапияға карағанда, Қанапия шайін тастап далаға шыға жонелді. Бекмұхамет не дерін білмей:

– Құдаша да, сен де құры. Сені тепкен құдаша құрысын, – деді. Сасқаннан біраз үнсіз отырған соң, Күлайша бір нәрсе айтайын деп еді, Бекмұхамет алара бір қарады. Шайді үй жігіті құйып отырды. Ертеңгі шайді ішіп болған соң үш жігіт жолға шықты.

Тілеміс:

– Мына елдің заны қандай, жігіт тұрғанда, қонақты әйел келіп аттандырғаны несі? – деді.

– Бізге жігіт аттандырғанынан келіншек аттандырғаны жақсы болды, – деді Тәжім.

– Несі жақсы?

– Жақсысы мынау, ертең мынау қайық аузында той болады дейді, соған екеуіміз баралық. Бекмұхаметтің балалары, келіні, қыздары келеді. Назарқұл мына малды ауылға алып барар, – деді Тәжім. Назарқұл Іледен өткен соң:

– Сен екеуіңнің маған керегің жоқ, той сол жерде, Құлым-Құлымбет ауылының Олжабай дегеннің қыз ұзату тойы екен. Қыздың әкесі пысық, жұқана, қайық аузында



тұрады. Дәулеті саяз болғанымен, ел ішінде болған істің бір шетінде жүретін адам.

Үш жігіт қайық аузына келіп, Олжабайдың үйін сұрастырса, біреу:

– Анау кетіп бара жатқан бір қыз, екі әйел сол Олжабайдың үйіне барады, – деді. Бұлар аттарын кейіндей тартып, әйелдер барған үйге жақындағанда, қақпа ауызында тұрған орта бойлы, кара торы, жасы қырықтан асқан сол Олжабайдың өзі болып шықты. Келген үш жігіттің жайын сұрағанда, бұлар ар жаққа өтуін сұранды. Олжабай.

– Жігіттер, өту ешкайда қашпайды, үйге түсіп дәм ауыз тиіңдер, – деді.

Дегенмен ауыл арасы бірқанша жер екен, түс ауып қалған. Аттарына шөп салып.


– Аттарды суғару керек, – деді Назаркүл.


Олжабайдың өзінше көпір аузында сарт пен ортақ болып салған сарайы бар екен. Жолаушылар түсетін жатар орын, асханасы бар. Бірқанша жүргіншілер жүр. Олжабай үй ішіндегі жасауына мақтанғандай. Шынында, сарт жасаған там үйдің жасауы жарасып тұр. Келген үш жігітке ас дайындауға сол қорада тұрған әйелдердің бірқаншасы жұмыс істеп жүр. Ертең болатын тойдың дайындығы болу керек. Олжабай бір сұлуша, орта бойлы, кара торы әйелді шақырып:


– Мына жігіттер жақсы атам ауылының балалары екен, дайын тамақ бар ма? Жоқ болса, жасат, – деді.





10. НҰҚ ПАЙҒАМБАР

















Әбдіқапар














БАУКЕҢ ЖАЗҒАН ШЕЖІРЕГЕ ТҮСІНІКТЕР

Баукең 1969 жылы көктемде қатты сырқаттанып үйде ұзақ жатып қалды. Мен Өзбекстанның Гафур Ғұлам атындағы пединститутынан Абай атындағы ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына доценттік қызметке ауысып, қашан пәтер алғанша Баукеңнің үйіне тіркеліп, сол үйде жаттым. Баукең керемет әңгімешіл әрі өткен-кеткен ел тарихын көп біледі, буынды жерлерін дәл танып, оларға өз танымы, өз қатынасын айқын байқататын. Ел аузында, арғы төркіні халық санасында сақталған әдет-ғұрып, салт-сана, айтулы би-шешендер, өткен тарих, қоне шежіре жайында шешіліп көп айтатын. Мен болсам, ол кезде ескі дәстүр, діни таным, рулық шежіре мәселелеріне мән бермей қарайтын, оларды ескінің қалдығы деп білетін кеудемсоқ көп мәңгүрттердің бірі болатынмен. Баукең осы осалдығымды сезді-ау деймін, кейде ұзақ әңгіме өрісіне кіріскенде, менің салғырттау қалпымды байқап қалса: «әй, сен өзің доцентсің бе, поцентсің бе?» – деп кадала қарап, шылымын ұзақ сораптап отыратын да, артынан қазақ шежіресі қазақтың өзіне тән көшпелі тұрмысына сай қалыптасқан этнографиялық ерекшелігі және әдебиетші, тарихшы ғалымға бұларды етене танып, терең білудің ғылым үшін айтарлықтай мәні барлығын ұғындыра түсетін.

Бұларды біртіндеп ұғына, сезіне түскен сайын менде өткен мұра атаулыға қызығу сезімі пайда болып, өз бетіммен іздене бастадым. Баукең қолында сақталған «ақтандақ» әдебиет шығармаларын қалағанымша оқыдым. Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек қазақ акын-жазушылары мен қоғам қайраткерлерінің араб жазуымен басылған кітаптарын Баукең соңғы кезге дейін сақтап келді. Бұл еңбектермен алғаш рет мен Баукең меншігіндегі



«ақтандакқа» ұрынған кітаптардан оқыған едім. Тыйым салынған кісілер мен олардың шығармаларын Ташкент кітапханасынан біршама оқып таныссам да, оларға жатырқай, үрке қараудан арылмаған едім. Өйткені ұзақ жылдар бойы тоталитарлық жүйенің миымызға сіңіріп келген тұрпайы ұғымының тұтқынынан шыға алмай, неге бұлай болған деп оның түпкі себебін біле алмай жүргенімде, тарихтың түпкірінен сыр ақтарған Баукең әңгімелері бүркеулі шындықтың шымылдығын ашып жібергендей, менің ішкі дүниемді мүлде өзгертіп те жіберген еді.

Ұлы Абай мұрасы жайындағы өз танымы мен өзіндік ой толғаныстарын да риясыз ашып салып түсінігімді тереңдете түсумен бірге, кейде осалдық танытқан тұстарымды тез аңғарып, қатты сынап тастайтын. Пікірге, ұғымтанымға туыскандық жүрмейді, оны білмесең, өз обалың өзіңе деп көп нәрсені аңғартып отыратын.

Келе-келе бағыт-бағдарыма сенді ғой деймін, 1969 жылы 14 мамыр күні өз қолымен жазған шежіре мен әкесінің қолымен сиямен жазылған шежірені маған табыстап жатып: «Әй, мынаны жоғалтушы болма, бұл менің әкемнен қалған жалғыз атамұрам», – деп ескертті де, қағазға деген өзіне тән ұқыптылығымен отыра қалып «Сенім хат» (доверенность) жазды:



ДОВЕРЕННОСТЬ

Я, гвардии полковник, писатель, военный профессор Бауыржан Момыш-улы, для хранения в его личном архиве передал кандидату филологических наук, доценту Мырзахметову Мекемтасу следующие документы с моими автографами:

1. Священное Евангелие. Санкт-Петербург, 1905.

2. Сборник «40 лет борьбы за национальную независимость казахского народа». (А. Рязанова, М. Тынышпаева), Кызыл-Орда, 1926.

3. Саади. «Бустан». М., 1935.

4. Сборник, опубликованный арабской вязью:

а) Октябрь күндеріндегі қуаныш.

б) Аймауытұлы Жүсіпбек. «Қарт Қожа».

в) Тау елінде оқиға (аударма).

г) Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері.

д) Мың бір мақал.

ж) Кенесары — Наурызбай.

з) 23 жоктау. Ташкент, 1923 ж.

5. Абай Құнанбаев. Алматы, 1945 ж.

6. Джавархарлал Неру. Автобиография. М., 1955.

7. Джавархарлал Неру. Открытие Индии. М., 1955.

8. Журнал «Жаңа әдебиет», 1928, № 1, 2, 3, 5, 7, 8, 9,

10, 11, 12.

9. «Миниатюры рукописи», «Бабур-нама». М., 1960.

10. «Хождение за три моря Афанасия Никитина».

М., 1960.

11. Шежере — (Родословная ветвь от Адама, Евы до

Бауыржана Момыш-улы. Схема составлена
рукой моллы Момыша Имашева).



12. Шежре — (Родословная схема, 2-й вариант,
составлена гвардии полковником
Бауыржаном Момыш-улы).
13. Шежре — (Родословная схема, составлена гвардии
полковником Бауыржаном Момыш-улы).
14. Справочные материалы о происхождении родос-
ловной, собранные гвардии полковником
Бауыржаном Момыш-улы.

Получил:

Мырзахметов.

Сдал:

Бауыржан Момыш-улы.

14.05.69 г. Алма-Ата.

Осы сенімхаттың бірінші данасын маған берді де, екінші данасын өз архивінде қалдырды.

Шежіре, ондағы ата-бабаның түп төркіндері мен әр рудың өткен тарихи жолымен Баукең қанды майдан ішінде жүріп-ақ шұғылдана бастағандай. Өйткені жай қара қаламмен қойын дәптеріне ұзақ жазылған Құлай-Шіл-мембеттің ру тарихы жөніндегі Баукең қолжазбасымен тікелей танысқанымда, жазуы өшуге таялған оқуға қиын қалпын көріп аңғалдықпен: «Бауке, мынауыңызды неге сиямен жазбағансыз, өшіп оқылмай қалады ғой?», – деп ақылгөйсiген едiм. Баукең мұртынан жымия күлді де: «Иә, соғыста Момышұлы шежіре жазсын деп қаламсап, орындық даярлап қойды дейсiң бе? Аттың жалында, түйенің қомында дегендей, окоптың қалқасында тіземді орындық етіп, сәт тыныштық орнай қалса қағазға асығыс түсірілген ой ұшқындары ғой. Оның үстіне соғыста жүрген кезде сия қаламмен, қаламсаппен хат, командирлік бұйрық, қа-



тынас қағаз жазуға қатаң тыйым салған бұйрық та болатын-ды. Жазатайым жау қолына түссең, не оққа ұшсан жазылған документ жау қолында ұзақ сақтауға келмей өшіп кету жағын ескеруден болса керек. Енді ұқтың ба?» – деп сыр тарта тесіле қарады.

Оқырмандар назарына тұңғыш рет ұсынылып отырған Баукең қолымен жазылған «Шежіре» қолжазба – ұзақ көлемдегі нәрсе. Мұнда Құлай-Шілмембеттің рулық таңбасы мен ұсақ малға салынатын ені, оның пайда болу тарихы, ел аузында айтылып келген деректер бойынша баяндалады. Не себепті жолы үлкен болса да Шілмембет руы алдымен айтылмай, керісінше жолы кіші Құлай руы алға қойылып «Құлай-Шілмембет» деп аталудың тарихын, себебін ашып береді. Яғни қазіргі көзі тірі ұрпақ мүлде ұмытқан өз руының таңбасы мен енін және Есім хан хандығы мен ұлы жүз қазақтарының байланысынан да мол деректер көзін береді.

Баукең генштабтың арнаулы академиясында оқып жүрін те, кейін әскери академияда ұстаздық жолында жүрген кезде де шежірені зерттеумен, деректер көзін жинаумен шұғылданып, бала кезінде әкесі айтқан әңгіме аңыздар төркініне көз жіберіп, әрі әкесі жазып қалдырған шежіре тізбесіне де қатты назар аударады. Немере інісі Әбділданың елдегі көкірегі шежіре карттардың айтуынан жазып алған хаттарындағы деректер көзіне де сүйенеді. Мысалы, Әбділданың Баукең атына жазылған хатында: «...Көке, осы хаттың ішінде Өтеулі және Батырбек аталардың тұқымдары туралы мағлұматтарды жіберіп отырмын. Бұлардың таралуын Ошакбайдан басқа ауылда ешкім білмейді, сол кісіден деректеп жүріп алдым. Маутанның да мағлұматтарын жазып алған едім, бірақ оны әзір салмай отырмын. Сол жазып алғанымды және бір-екі қа-

рияға (білетін) тексертін, анықтап толықтаған соң жіберемін.

Енді Бурныйдамын, демек көбірек мүмкіндігім де болар. Өреке мен Түктібайлардың мағлұматтарын толықтап алуға, бір қолым тиіп мүмкіндігім болса Түлкібастағы Сырымбетте Пошақай (Пошқай) деген қарие бар екен, соған жолықпақпын. Ол кісі жалғыз Құлыдың балалары емес, онан да арғыларын өте жақсы біледі екен. Биыл күзде Сағынбек, Пәшен, Ошақбай, т.б. қариялар Пошқаймен кездесіпті. Осылар айтып отыр Пошқайдың білетіндігін...

Сәлеммен ініңіз Абдулла-Рахман. 29.11.54 ж.» – деген хаттағы дерек-мағлұматтарда көп нәрсенің сырлары аңғарылып тұр. Құлыдан таралатын Түктібай, Маутан, Өреке, Сырымбет руларының шежіре тарихымен қызығып, сұратып отырған Баукеңді көреміз. Қазіргі Түлкібас ауданындағы «Екінші Түлкібас» колхозындағы Құлыдың Сырымбетінен шыққан шежіре қарт Пошақай мен Баукең жақын аталас туысы Ошақбайлар жайдан жай аталып отырмаған сияқты. Өйткені Баукеңнің 1943 жылы қаңтар айында жазылған хатында: «Өткен жылы декабрь айының аяғында Жуалы ауданындағы Ошақбай, Қыстаубай деген орта жасқа келген колхозшылар әңгіменің аяғында: «Шырағым, біз уәкілдер мен оқымысты балалардың сөзіне түсінбейміз... тіліміз не болып бара жатыр» деді», – деп Ошақбайды тілге алуы, қазақ тілінің тағдырына жаны ауырған аяулы қарияны куәға тарта сөйлеуінде көп сыр жатыр.

Баукең Ошақбай қарияға жайдан-жай сілтеме жасап отырған жоқ, ол кісі Баукеңмен әңгіме үстінде ел аузындағы көптеген аңыз-әңгіме, ел әңгімесі, ата-баба шежіресі жайында мол ұғым деректер берген тәрізді. Мұның үстіне Баукеңмен әңгіме-дүкен құрған кездің көбінде Ошақбай ақсақалға Баукең үнемі өралып соғып, ол жөнін-



дегі естеліктерін үнемі айтып отыратын. Бұнысынан әйтеуір Баукеңнің Ошакбай ақсақалға ықыласы мықтап ауганын сезуші едім.

Өткендегі ата-бабаларының көне тарихымен, шежіре аңыздарымен қызыққан Баукеңнің өзі де шежіре жазып, әкесінің дәстүрін жалғастыруды мақұл көреді. Өйткені әңгіме үстінде үнемі ата тек таратуды, жазылатын шежірені негізінен бүгінгі ұрпақ буыннан бастап өткендегі ата-бабаларға қарай қуалай тарату арқылы көне тарих қойнауына бойлай отырып, тарихи шындықты бажайласа болады деп отырушы еді. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақалға айрықша мән беретұғын. Өзінің бала-немелеріне, тіпті бізге дейін, Дулатқа дейінгі аталарымыздың тізімін жазып беріп, жатқа алуды ескертіп отыратын. Енді ойланып қарасам, орыстар арасында айтылатын «Иван безродный» дегені сияқты кейбір тексіз тарихи санасынан, ұлттық жадынан мақрұм бола бастаған қазақтарды көріп, рухани мәңгүрттіктен сақтандырған ескертуі ме деп шамалаймын.

Баукең архивінде сақталған шежіре туралы дерек көздерін топқа жіктеп беруді жөн көрдік. Осы тұрғыдан оларды:

1. Баукеңнің әкесі жазған шежіре.
2. Шежіре (Составленный Момыналы Имашулы, отцом Бауыржана).

Мұнда Баукеңнің әкесі жазған шежірені өзі қайта қарап, толықтырған нұсқасы деп білмек керек. Өйткені әкесі жазған шежіре Шымыр тайпасының Темір, Бекболат, Шынқожа деген үш рулы елді атап көрсетеді де, Бекболаттан өрбіген Жиеш, Жиёмбет, Қарымбет, Шілмембет, Бестерек руларын көрсетумен аяқталады.

Ал, Баукең әкесі жазған шежірені орыс тіліне аудар



отырып, Шілмембеттен таралатын Құлый руын өзіне дейін желілеп таратып, баласы Бақытжан мен қызы Еленаға дейін алып келгенін көреміз.

3. «Родословие» (Б. Момышұлының 23 ақпан 1945 жылы соғыста жүріп жазылған қолжазбасы бойынша берілді).

4. Шежіре жайлы шашпа пікірлері:

а) Өтеулі «Ұшқан ұя» романындағы шабандоз Аққұлы туралы шежіре деректі анықтау үшін «Аққұлы-Жақсыбай (выяснить)» деп сұрау қояды. Шамасы, өзіне Құлый руы туралы дерек беретін тілшісіне (корреспондентіне) сілтеп отыр. «Шежіре» (родословная схема) деп аталатын шежіресін жазуға даярлану үстінде жазған шашпа пікіріне ұқсайды.

ә) «Тілеубай-Көрпе» деген қолжазбасы Бекболаттан тарайтын Шілменбет, Құлый руының тарихына назар аударып, Құлый «таңбасы» мен қойдың құлағына салатын еннің тарихын баяндайды. Құлый таңба мен еннің таңбасын алғаш рет сызып көрсетеді. Мұндағы «Құлый таңба» Қошқарата өзені бойындағы Қошқарата әулиенің кесенесін (Бәйдібек ауданында) өте ескіріп кетуі себепті, қайта бұзып, жаңа кесене орнатқанда, ескі кесененің ірге тасына қаланған Ұлы жүз руларының таңбасы салынған жалпақ тасқа сызылып салынған тастардың арасынан Баукең сызып қалдырған Құлый таңбасы бірдей шығып отырды. Осы Қошқарата әулие кесенесіндегі Ұлы жүз тайпаларының таңбасы бір данадан ғана сақталған. Ал, Құлый таңба 4 дана болып сақталған, себебін біле алмадық. Осы 4 Құлый таңбасы «Бауыржан Момышұлы» деп аталатын фотоальбомда берілді («Өнер» баспасы, 2008 жыл. Алматы).

б) «Мой отец Момыш (Момыналы)» 14.04.1974 г. деп аталатын шежіре дерегі Момыштан тараған ұрпақтар мен



Момыштың туған інісі Момынкұлдың ұрпақтары туралы нақтылы деректер береді.

Момыш пен Момынкұлдың арғы тегін Құлый баба-сына дейін тізіп береді.

5. Шежіре (Родословная схема) деп аталатын Баукең жазған шежіре сызба (чертежный) қағазға схемалық формада түсірілген үлкен сыпырадай көлемдегі қағазға жазылған. Бұл, шамасы, Баукеңнің Әскери академияда сабақ беріп жүргенде, әкесінің шежіресі мен өзі хат жазып, ауылдағы тілшілері жіберген әр қилы шежіре деректерді сұрыптап, жүйеге түсіріп жазған шежіре болатын. «Б. Момышұлының тілшілері жіберген шежіре деректері» деп аталатын шежіре деректеріне назар салсақ, сондағы кейбір дерек-мағлұматтардың ұшырасатыны айғақтап тұрады.

6. «Б. Момышұлының тілшілері жіберген шежіре деректер» қосымша ретінде беріліп отыр. Олар:

а) Баукеңнің хаты мен ә) немере інісі Абдулла-Рахман (Әбділдә) «Амандық хабар» (14.12.1954 ж.) деген хаты арқылы жіберген Құлый руының (Алты арыс Құлыйдың) шежіресі 8 бет және «Шежіре жаздым мұнда адамзаттан» 20 бет деп аталатын шежіре дерек те де Құлыйдан өрбіп тараған рулардың шежіресі схема арқылы беріледі.

б) «Түлкібас ауданы, Мичурин (қазіргі Майтөбе ауылы) совхозының тұрғыны Ордабек қарияның шежіре дерегі» (11.01.1973 жыл) көлемі 12 беттен тұрады. Ол кісінің айтуы бойынша Құлый есімі Шыңғыс ханның ұлы Жошының немересіне қойылған есімі екен. Бабаларымыз соны еске ала отырып, баласына Құлый деп есім берсе керек.

Бұл шежіре деректі Баукең Майтөбедегі Құлыйдың бір арысы – Түктібайлардың шежіресін мен арқылы алдыр-

ған еді. Бұл шежіре шымыр тайпасынан тарайтын үш рудың бірі Бекболаттан бастап, Майтөбедегі түктібайлардың бүгінгі ұрпағына дейін білгірлікпен жүйелеп берумен ерекшеленеді.

Түктібайлардың бір тобы Түлкібас ауданындағы Майтөбе ауылында тұрса, олардың бір тобы Жуалы ауданындағы бұрынғы Тастөбеде қазіргі Түктібай ауылында тұрады. Өйткені 1928 жылы Жуалы ауданы (орталығы Ванновка селосы) құрылғанда, оның құрамына қазіргі Сайрам, Түлкібас, Жуалы ауданы кірген болатын. Жамбыл облысы құрылғанда, Жуалы ауданы осы облыс құрамына кірсе, Түлкібас, Сайрам ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамына өтуі себепті Құлылар екіге жарылып, бір жағы Түлкібаста 11 ауыл қалса, бір жағы Жуалы ауданына 5 ауыл қарап қалды.

7. «Қазақ шежіресінен... Қазақ туралы» деп аталатын өзіндік ерекшелігі бар араб әрпімен жазылған көлемі 13 бет аса құнды қолжазбаны Баукеңнің сұрауы бойынша 16.11.1965 жылы Өмірқұл деген ақсақал жіберіпті.

8. а) «Қаза болған қазақтардың мағлұматы» деп аталатын шежіре деректі де (7 бет) Өмірқұл ақсақал 04.03.1966 жылы жіберген. Өмірқұл ақсақал «Сіздің сұрағыңыз Ұлы жүздің тарихы еді ғой. Ұлы жүзді негізінде толық жазып шығу көп уақытты алады және өте ілгеріден келеді. Ол үшін 4500 жыл шамасын қозғап кетеді...» – деп мәлімет береді.

ә) «Ескерту» деп аталатын қолжазба (көлемі 3 бет) Баукеңе қойылған үш сұрақтан тұрады. Мұны Өмірқұл ақсақал Түркістан ауданы «Трудовик» колхозының тұрғыны ретінде жазған сұрағында Қожа Ахмет Ясауи, Ақсақ Темір және Қазақ сөзінің тарихы жайында сұрап, соған оқымыстылар жауап берсе деп пікір білдіреді.



9. Қанапия («Жаман доңыз») деп аталатын шежіре туралы айтылатын жанама дерек ретіндегі көп мәселе сөз болады. Бұл шежіре дерек ертеректе арабша жазумен хатқа түскен, көлемі 31 бет.

Оқиғада ХІХ ғасыр ортасындағы Ұлы жүз руларының тұрмысы, салт-дәстүрі, тіршілігі, мал қыстатуы, қыз бен жігіттің жарастықпен әзіл-қалжыңы жақсы көрініс беретін этнографиялық көріністер молынан қамтылған. Қанапия қыз туралы деректе қонақ күту кәдесі, қонақ кәде яғни ауылдың алты ауызы тәрізді әдет-ғұрпы да жатық әдеби тілмен суреттеліп берілуі – бұл шежіре деректі жазып қалдырған кісінің қаламының желі бар өнерлі зерек жан, осы шежіре-дерегі арқылы ХІХ ғ. тарихи адамдары, (Тезек төре, Сыпатай батыр, қырғыз манабы, Сарыбай ақын, т.б.), ру шежіресі кеңінен сөз болуы себепті, бұл қолжазбаны Баукең кейінгіге керек болар деген ниетпен өзінде сақтағаны аңғарылып тұр. Зерттей оқыған саналы, көзі қарақты жас оқырман ХІХ ғасырдағы қазақ тұрмысын оның салт-сана, әдет-ғұрпын, ел тұрмысынан молынан хабардар боп ой түйе алмақ.

10. «Нұқ Пайғамбар» деп басталатын шежіре — Жуалы ауданының орталығы Евгеньевка селосында (қазіргі Бауыржан Момышұлы ауылы) тұратын Құлай руынан шыққан Нұртайұлы Әзімбек пен Әбсадық Оразалы деген жігіттер жіберген дерек-мағлұматтар. Ауыл ақсақалдарының айтуынан жазып алған шежіре нұсқасына ұқсайды.

Мекемтас Мырзахметұлы

Бауыржанның әкесі Момыш ақсақал колымен жазылған шежіре	3
Родословие	16
Шежіре жайлы Баукең жазған шашпа пікірлер:	
а) Өтеулі, ә) Тілеубай,	
б) Мой отец Момыш... ..	23
Шежіре (Родословная схема)	29
Б.Момышұлының тілшілеріне хаты және олар жіберген дерек-мағлұматтар: а) Әбділдаға хат, ә) Амандық хабар, б) Түлкібас ауданы Мичурин (Майтөбе) совхозындағы Ордабек ақсақалдың шежіре дерегі	37
Қазақ шежіресінен... ..	86
Қаза болған қазақтардың мағлұматы	109
Қанапия (Жаман доңыз)	121
Нұх Пайғамбар	178
Шежіреге түсінік	188
Доверенность	190



Ескерту: Бауыржан Момышұлы — тайға таңба басқандай өзіндік қайталанбас жазу стилі қалыптасқан бірегей әскери жазушы. 30 томдық шығармалар жинағын құрастыру үстінде қаламгердің өзіндік осы жазу болмысының негізінен табиғи қалтын бұзбай беруді мақсат еттік.